



ТӨЛЕБИ ТҮЙ



ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

№16 (8827) Жұма, 17 сәуір 2026 жыл.

Біздің веб-сайт: <http://www.tolebituy.kz/>

Электронды почта: tolebi_tuy@mail.ru

Тасарықтағы кездесу: нақты іс, айқын жоспар

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 Жарлығына сәйкес, аудан әкімдері жылына екі рет ауылдық округтерде халықпен кездесіп, елді мекендердегі өзекті мәселелерді талқылап, атқарылып жатқан жұмыстар барысы туралы есеп береді.



Осыған орай, Төлеби ауданының әкімі Еркеғали Әлімқұлов Тасарық ауылдық округінің тұрғындарымен кездесті. Кездесу барысында аудан басшысы 2025 жылы атқарылған жұмыстарды саралап, 2026 жылға жоспарланған жобаларды таныстырды.

Аудан әкімі өз баяндамасында өткен жылғы кездесуде тұрғындар тарапынан көтерілген 15 мәселенің 12-сі шешімін тапқанын, қалған 3 мәселе бойынша жұмыстар жалғасып жатқанын атап өтті.

Баяндамада ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретін негізгі бағыттар кеңінен қамтылды. Атап айтқанда, жаңа кәсіпорындар ашу, жұмыс орындарын құру және инвестиция тарту мәселелері басты назарда. Осы мақсатта Киелітас ауылдық округінде индустриялық аймақ құру жұмыстары жүргізілуде. Жалпы құны 23,3 млрд теңгені құрайтын 7 ірі инвестициялық жобаны іске асыру арқылы 440 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, ауданның бюджеттік кірісін арттыру бағытында нақты жұмыстар атқарылуда. Жаңа кәсіпорындарды тіркеу нәтижесінде жергілікті бюджет түсімі артқан. Туризм саласында да оң өзгерістер бар – демалыс орындарын заңдастыру жұмыстары жүргізіліп, бірқатар нысандар тіркеуден өткен.

Инфрақұрылымды дамыту да назардан тыс қалған жоқ. Көшелерді жарықтандыру, арнайы техника сатып алу жұмыстары жүзеге асырылды. Ал 2026 жылға жалпы құны 343 млн теңгені құрайтын 6 жоба жоспарланған. Бұл жобалар аясында электр желілерін тарту, трансформаторлар орнату, жол қауіпсіздігін арттыру және ауыз су жүйелерін жаңарту көзделген.

Кездесу барысында тұрғындар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, аудан әкімі тарапынан нақты әрі тұщымды жауаптар берілді. Көтерілген мәселелер бақылауға алынып, кезең-кезеңімен шешілетіні айтылды.

Жиын соңында аудан басшысы мұндай кездесулердің басты мақсаты халықпен ашық диалог орнатып, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру екенін атап өтіп, барша тұрғындарды ортақ іске жұмыла атсалысуға шақырды.

Төлеби ауданы әкімінің баспасөз қызметі.

Түркістан қаласында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында қоршаған ортаны қорғау мен экологиялық

экологиялық ахуалды жақсарту мақсатында жаппай ағаш егу жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде бір күнде 1200 түп Қырым қарағайы мен 1000 түп жапырақты

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»: АУҚЫМДЫ ЭКОАКЦИЯ

мәдениетті қалыптастыруға бағытталған ауқымды іс-шара өтті. Игі бастамаға Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшерев, облыстық басқармалар мен департаменттер басшылығы мен ұжымы, мемлекеттік қызметшілер, қала тұрғындары, тазалыққа жауапты мекеме жұмысшылары және Түркістан қаласы әкімдігі мен қоғамдық ұйым өкілдері қатысты.

Өңір басшысы Нұралхан Көшерев табиғат жана-шырларымен кездесіп, бірге көшет екті.

– «Таза Қазақстан» – бір жылдық бағдарлама емес. Ол өмір салтымызға айналуға тиіс. Тек акцияларда ғана емес, күнделікті өмірде ағаш егіп, тазалықты сақтай білсек, оны насихаттап, жастарды да игі іске жұмылдырсақ, бастама өз жемісін береді. Барша облыс тұрғындарын аймақты көгалдандыруға үлес қосуға шақырамыз, – деген Нұралхан Көшерев ел ағаларымен, жастармен пікір алмасты.

Іс-шара аясында қаланы көгалдандыру және

ағаш егілді. Осылайша, жалпы саны 2200 ағаш көшеті егіліп, Түркістанға кіреберістегі жасыл белдеу айтарлықтай толықты. Болашақта бұл аумақ саялы баққа айналмақ.

Бұл бастама Түркістан қаласының экологиялық жағдайын жақсартуға, жасыл желектер көлемін арттыруға және тұрғындардың табиғатқа деген жауапкершілігін күшейтуге бағытталған. Таңғы 7:30-дан бастап ағаш еккен көпшілік қауым көтеріңкі көңіл-күймен тарқасты. Көгалдандыру жұмыстары алдағы уақытта да жалғасын табады.

Айта кетейік, Түркістан облысында 2021-2025 жылдар аралығында 800-ден астам елді мекенде 3,6 миллионнан астам ағаш көшетін егу көзделген. Ал биыл «Таза Қазақстан» бағдарламасы арқылы 1 миллион түп ағаш егу жоспары бекітіліп, нақты жұмыстар жалғасып жатыр.

Түркістан облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Сейсенбі күні «AMANAT» партиясы Төлеби аудандық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінде кезекті қабылдау өтті. Қабылдау офлайн және онлайн форматта ұйымдастырылып, аудан тұрғындарының өзекті мәселелерін кеңінен қамтуға мүмкіндік берді. Бұл

«AMANAT» партиясы алаңында қоғамдық қабылдау

жасалған мүмкіндік болды.



халық пен билік арасындағы ашық диалогты нығайтып, тұрғындардың ұсыныс-пікірлерін тікелей жеткізуіне

Қабылдау барысында аудандық білім бөлімінің басшысы Ш.Нұрабаева білім беру сапасын арттыру, мектепке дейінгі тәрбие жүйесін жетілдіру, сондай-ақ жас ұрпақтың болашағына қатысты маңызды мәселелер бойынша азаматтарды тыңдады. Өрбір тұрғынның өтінішіне жеке уақыт бөлініп, мәселелер жан-жақты қаралды.

Сонымен қатар, Facebook әлеуметтік желісіндегі тікелей эфир барысында оқырмандардан түскен сауалдарға нақты

әрі тұщымды жауаптар берілді. Бұл онлайн формат шалғай ауыл тұрғындарының да қабылдауға қатысуына мүмкіндік жасап, халықтың белсенділігін арттырды.

Мұндай қоғамдық қабылдаулар азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, олардың талап-тілектерін дер кезінде ескеруге және әлеуметтік мәселелердің шешілуіне оң ықпалын тигізетіні сөзсіз. Алдағы уақытта да «AMANAT» партиясы халықпен кері байланысты күшейту бағытындағы жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыра бермек.

«Төлеби-ақпарат».

● Көктемнің күні – жылға азық

Мақсарысын егіп алды

ашық күнін ұтымды пайдаланып, көктемгі дала жұмыстарын дер кезінде аяқтады. Шаруашылық механизаторлары ағайынды Жандос және Жасұлан Ертаевтар орталықтан шалғайдағы Ақсу учаскесіндегі 300 гектар және Оңтүстік, Ханарық ауылы маңындағы 100 гектар алқапқа мақсары екті.

Сондай-ақ ағайынды механизаторлаға 750 гектар күздік егісті селитра минералдық тыңайтқышымен үстеп қоректендіру жүктелген болатын. Олар бұл жұмысты да сапалы атқарды.

– Шаруашылық еңбеккерлері көктемгі дала жұмыстарын толығымен аяқтады десек те болады. Күздік дөңді дақылдар мен мақсарының гектар түсімділігі көктемгі түскен ылғалға тікелей байланысты. Бір сөзбен айтқанда, табиғат жағдайына тікелей тәуелдіміз. Биыл 150 гектар танапты парға қалдырған болатынбыз. Жер жырту жұмыстарын да аяқтап қалдық. Жер жырту жұмыстарымен «К 700» тракторын тізгіндеген Ұлағат Қалмырзаев шұғылданды. Бүгіндері механизаторымыз техникаларды алдағы мал азығын жасақтау науқанына дайындауда, – дейді Әбдінұр Шәйнеков.



С.ОРЫНБАСАР.

«Бірлік» өндірістік кооперативі.

● Айтарым бар

Тазалықты табалдырығымыздан бастайық

Тазалық әр адамнан, әр үйден, әрбір көше мен әр қаладан басталуы керек. Өйткені «Таза Қазақстан» бұл бір күндік науқан емес. Бұл біздің өмір салтымыз...

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті.

Мемлекет басшысының тазалықты үнемі назарда ұстауының терең мәні бар. Ата-бабаларымыз күнделікті қарапайым тұрмыстық салтында тазалыққа ерекше мән берген. Қазақтың тазалығы табалдырығынан бастау алған. Мысалы: «Аяғын көріп асын іш, анасын көріп қызын ал» деген бір ауыз сөзінде терең мән жатыр. Табақ-аяғы жуылмай, қазанының қақпағы ашық қалып, ит жалап жататын үйде қайдан тазалық болсын. Анасы ас ішкен табақ-аяғын жумай, дастарқаны үнемі шашылып жатқанын күнде көріп жүрген қыз баласы өз анасынан қандай үлгі алсын!? «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді» деген аталы сөзді де өмірден көріп, біліп айтқан. Ал қазақ ұғымында тазалық жоқ жерге жын-сайтан да, ауру-сырқау да үйір келеді. Қазақ: «Олақтан салақ жаман» деген тағы бір тұрақты сөз тіркесі бар. Олақтыққа да, салақтыққа да жалқаулықтан жол беріледі.

Біздің бала кезімізде ауылда колхоздың қойын баққан, кейіннен жасы ұлғая бастағанда шаруашылықтың егістік алқабына қарауыл болған марқұм Арысбек деген ағамыз бар еді. Өзі көп сөйлей бермейтін мінезі туйықтау кісі еді. Бізден үлкен, бізбен қатарлас, бізден жасы кіші балалары бар болатын. Бәріміз бірге ойнайтынбыз.

Ауыл болғаннан кейін әр шаңырақ ең аз дегенде саусақпен санарлықтай болса да мал асырайды. Малы жоқ деген үйдің өзі бір сауын сиыры мен оншақты уақ мал ұстайтын. Малымен күн көрген ауыл тұрғындарының кейбірі төрт түлігінің тезегін көшеге шығарып, көпшілігі қорасының маңына шығарып, үйіп тастайтын. Жаз айында әлгі қыс бойы жиналған қиды илеп, тезек жасап, кептіріп алғанша үй маңынан қолқанды қабатын жағымсыздау иіс шығып, шыбын-шіркей, құрт-құмырсқаға дейін үймелеп жататын. Бұл барлық қазақ ауылдарына тән, ешкім таң қала бермейтін көрініс еді.

Арысбек ағамыз да өзгелер сияқты қорасында азын-аулақ болса да мал ұстайтын. Бірақ қора-қопсысы да, есігінің алды мен бүкіл ауласы да мұнтаздай тап-таза болатын. Көлденең жатқан бір тал шөпті көрмейтінбіз. Көкөніс, бақша дақылдарын өккен қатаралық арықтарының линейкамен сызғандай оқтай түп-түзулігіне қайран қалатынбыз. Оның көкөніс өсірген бақшасынан да арам шөп дегеніңіздің өзін атымен таппайтынсыз. «Арысбектің қорасына кірсеңіз малының асты үнемі мұнтаздай тап-таза, құрғақ болады. Баққан малы шөп жеп, тіпті тезек тастамайтын сияқты. Біздің Арысбекпен салыстырғанда, жұрт тазалықты ұнатады деп жүрген неміс халқының өзі жолда қалып кетеді», – деп айтқан үлкендердің сөзін талай естігенбіз.

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» демекші Арысбек ағамыздың ұл-қыздарының бәрі де әкесі сияқты өте ұқыпты, тиянақты, байсалды азамат болып өсті. Бір қайран қалатынымыз, Арысбек ағамыздың жеңгемізге, балаларына дауыс көтеріп ұрысқанын, күні бойы үй шаруасына жегіп, өзі бақылау жасап қатаңдық танытатынын ешқашан көрген емеспіз. Бұл үйдің тірлігі күнделікті дағды бойынша мұқият жүріп жататыны да сырт көзге сезіле бермейтін. Балалары үй шаруасын атқаруға да, бізбен бірге доп қуып, асық атып ойнауға да, сабағына дайындалуға да уақыт табатын.

«Ештен көш жақсы» демекші, бүгіндері аудан орталығы Ленгір қаласынан бастап бүкіл ауылдарда тазалыққа жете

назар аударыла бастады. Нәтижесін де өз көздеріңізбен көріп жүрсіздер. Тазалық жұмысымен арнайы құрылған мемлекеттік коммуналдық мекеме жұмысшылары айналысуда. Олар көше аралап, жол бойына сіздер мен біздер немқұрайдылықпен тастай салған темекі тұқылдарына дейін теріп алып жүр. Сырттай қараған адамдарға олардың адал еңбектерінің өзі оғаштау көрінетін сияқты. Сәл ойланып қарасаңыз, осының бәрі біздің тазалыққа жете көңіл бөлмейтін тәртіпсіздігімізден орын алып жатқандығына ой жүгіртіміз келмейді.

Көшелер мен қоғамдық орындарға қоқыс қалдықтарын тастап, тазалыққа мән бергісі келмейтіндер өз үйлері мен аулаларын таза ұстайды деп айта алмаймын. Тазалыққа жету үшін ең алдымен ұқыптылық, тиянақтылық, жинақылық сияқты құндылықтар керек. Бұл құндылықтар бәріміздің бойымыздан табылады ма? Бар мәселе осында.

Табиғатты қорғау, экологиялық тазалық мәселелері де үнемі күн тәртібінен түспей жүр. Бүкіл еліміздегі сияқты біздің ауданда да «Тазалық» акциясы жүзеге асырылып, сенбіліктер ұйымдастырылуда. Жыл сайын көгалдандыру мәселесі де назардан тыс қалған емес. Ең өкініштісі, жыл сайын жазғы шілдеге жетпей-ақ еккен жас көшеттеріміздің көпшілігін қуратып алып жүргеніміз ақылға сыймайды. Мұндай келеңсіздікке дер кезінде ылғал сіңіре алмауымыз, иесі бос жіберген малдың көше кезіп жүруі сияқты келеңсіздіктер себеп болуда. Мұндай тәртіпсіздікке жол бергендерге заң талаптарына сай шара қолданғанымыз артық болмаса керек.

Біздің ата-бабаларымыз ежелгі замандардан бастап жан тазалығына да, тән тазалығына да ерекше көңіл бөлген. Табиғат анамызды аялауды ешқашан назардан тыс қалдырмаған. Тіпті жолаушылап, сапарлап жүрген күннің өзінде жолай кездестірген бұлақ көздерін ашып, оның маңын мұнтаздай етіп тазалап, әрі қарай сапарын жалғастырған.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, аудан аумағын, қоршаған ортаны, табиғатты таза ұстау үшін «Тазалық» акциясы мен үнемі сенбіліктер ұйымдастыру сияқты науқандық жұмыстар бұл өзекті мәселені біржолата шешпейді, жай ғана көпшілік болып уақытша атқарылатын игі шара ғана. Тазалықты тап-таза етіп түпкілікті шешуді әр үйдің бөлмесінен, табалдырығынан, ауласынан бастап, содан соң барып көшеге шыққанымыз жөн болар еді деп ойлаймын.

Соңғы жылдары ауылдастарымыздың өзі алыс-жақын дегендей шет мемлекеттерге туристік сапармен жиі баратын болып жүр. Бұл да болса тұрмыстық жағдайымыздың түзеле түскендігінің айғағы. Өзге мемлекеттерге сапарлап барып қайтқандар шетелдіктердің әжетханасынан бастап тазалыққа жете көңіл бөлетіндігін тамсана айтып жүр. Ал сол тазалық дегеніміздің өзі біздің ең алдымен тәртіпке бас игеніміздің, мәдениеттілігіміздің нақты көрінісі.

Тоғыз ауыз сөздің де, тоқсан ауыз сөздің де тобықтай ғана түйіні болатынын білесіздер. Қазақ халқы әуел бастан ең алдымен жан тазалығына да, тән тазалығына да, қала берді ой тазалығына жете назар аударған. Олай болса, бүгінгі ұрпақтар ата салтын ұстанып, ұлттық құндылықтарымызды сақтап, ардақтап, тура жолдан адаспай, болашаққа қарай нық қадам басулары керек деп ойлаймын.

Н.ҚҰДАБАЙҰЛЫ.

Ленгір қаласы.

«...Жас ұрпақтың ұлттық бірегейлігімізді өнерімен айшықтап, ұлтымызды жаһан жұртына танытуы – зор мақтаныш. Жастардың күш-қуаты, ынта-жігері, жаңашылдығы мен жасампаздығы кез келген салаға зор серпін береді. Сондықтан өскелең ұрпаққа әрдайым жан-жақты қолдау көрсетеміз. Олардың ұлттық құндылықтармен қатар жаңа заманның жақсы қасиеттерін бойына сіңіруіне барынша жағдай жасаймыз».

(Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ Қызылорда қаласында бесінші мәрте шақырылған Ұлттық құрылтай отырысында сөйлеген сөзінен).



Отаншылдыққа тәрбиелеу отбасынан басталады

Біздің бала кезімізде аталарымыз, әжелеріміз, жалпы айтқанда, ауылдың қариялары балаларды жанына шақырып алып, Қобыланды батыр, Алпамыс батыр, Ер Тарғын батыр, Қамбар батыр, Қозы Көрпеш – Баян сұлу, Қыз Жібек сияқты қазақ халқының эпостық жырларын әуендетіп оқытатын. Әлгі жырды оқып отырғанымызда, өзімізді сол жырлардың басты кейіпкерлерінің жанында жүргендей көз алдымызға елестететінбіз. Әлгі эпостық жырды қызыға оқып отырғанымызда: «Балам, осы жерден тоқта, әрі қарай сен оқы!», – деп қолымыздағы қалың кітапты қасымызда отырған балалардың бірінің қолына ұстататын. Әлгі эпостық жырларды қайта-қайта оқыта бергеннен кейін ой-санамызда жатталып қалатын. Сол эпостық жырлардың желісін бастан-аяқ жақсы білсек те, әр оқыған сайын ерекше әсер алатынбыз. Бір таңқаларлығы, сол ата-әжелеріміздің бәрі де сауатсыз емес еді, өздері де оқып, жазу жаза алатын. Солай болса да біздерге кітап оқытып, өздері тыңдап отыруды ұнататын.

Қазір ойлап қарап отырсам, осының өзі бізге берген үлкен тәрбиесі екен. Бізді кітапқұмарлыққа, отаншылдыққа баулыпты. Қазақтың қазіргі балалары мен жастарының арасында дарындылары, таланттылары аз емес. Олар халықаралық білім сайыстарында, спорт бәсекелерінде көш басынан көрініп жүр. Өйтсе де олардың бойына ұлттық құндылықтарымызды сіңіру өте маңызды. Ал мұндай құндылықтарды ең алдымен өз отбасынан, ұстаздарынан, содан кейін көзі ашық, көкірек көзі ояу, көпті көрген, өмір сынынан өткен қариялардан, зиялы қауым өкілдерінен алады.

Бүгінгі заманның ауылы да, қаласы да қариясыз емес, бірақ бірнеше баланы жанына шақырып алып кітап оқытып, тыңдап отырған үлкендердің бір де бірін көрмеймін. Қазіргінің атасы мен әжесі баларына кітап оқытудың орнына қалта телефонын алып күні бойы әлеуметтік желіге үңілгенді көбірек ұнататын сияқты. Олардың немере-шөберелері де атасы мен әжесінен қалыспай қалта телефондарын құшақтап алып ұйықтайтын жағдайға жеткен. Өрине, әлеуметтік желіден кішінің де, үлкеннің де алары аз емес. Бірақ ең алдымен нені, қандай қажеттіліктерді алу керек? Ой-санасы уланып, теріс жолға түсіп кетпей ме? Бар мәселе осында.

Мемлекет басшысы Қызылордада өткен Ұлттық құрылтай отырысында: «...Әл-Фараби, Ясауи ілімдері де ұлт руханиятының ұстыны саналады. Ашығын айтсақ, ұлы бабаларымыздың өсиеттерін олардың мерейтойы кезінде ғана еске аламыз. Бұл дұрыс емес. Сондықтан Әл-Фараби, Ясауи және Абай ілімдерін жан-жақты дәріптейтін ғылыми жиындарды тұрақты өткізіп тұруымыз қажет. Бұл басқа емес, ең алдымен өзіміз үшін керек. Олардың мұралары – біздің рухани-философиялық болмысымыздың тірегі. Еліміздің гуманитарлық институттары ұлы ойшылдарымыздың ілімін жүйелі түрде насихаттағаны жөн».

Басты мақсат – халқымыздың баға жетпес қазынасы ұлттық мұрасын сақтап, ұрпаққа табыстау. Осы ретте кейбір құрылтай мүшелерінің философия, әлеуметтану, саясаттану сияқты ғылымдарды дамыту мен қоғамдық саяси ой-пікірлер көптомдығын әзірлеу туралы ұсынысын атап өтуге болады. Сондай-ақ олар ғылыми мекемелердің зерттеулері онлайн платформа арқылы бәріне бірдей қолжетімді болуы керек екенін айтты», – деді.

Жалпы, адамзат баласына жасы егде тарта бастаған кездің өзінде білімін толықтыра түсуіне болады, ешқашан кештік етпейді. Алайда жас кезінде, мектеп жасында алған білімін, балалардың болашаққа қарай талпынысының орны бөлек. Осы орайда Абай атамыздың:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ер жеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.

Бұл махрум қалмағыма кім жазалы,
Қолымды дөп сермесем, өстер ме едім?
Адамның бір қызығы бала деген,
Баламды оқытуды жек көрмедім... – деген өлең жолдары еске түседі.

Өнегелі тәрбие мен отаншылдыққа тәрбиелеу отбасынан басталатындығын ешкім жоққа шығара алмаса керек. Ұлы Абай атамыз кезінде өзі оқып, білім ала алмаса да өздігінен білімін жетілдіру арқылы адамзат тарихындағы ұлы тұлғалардың біріне, ұлт мақтанышына айналды. Ол ұл-қыздарының бәрінің оқып, білім алуына барынша жағдай жасады. Өкінішке қарай, ұлы тұлға өмірден озғаннан кейін заман ағымы мүлдем басқа арнаға бұрылды. Ұлы Абайдың ұрпақтары оқып, білім алуы былай тұрсын үстем тап өкілдерінің қатарына саналып, тірі қалудың амалын ойлап, бас сауғалап кетті...

Бүгінгі заманда балалардың білім алып, оқуына барша жағдай жасалған. Тіпті шет мемлекеттердің іргелі оқу орындарында оқып, нағыз маман атануына өбден болады. Білімге құштар балалар мен жастар осындай мүмкіндікті барынша пайдаланып қалуы қажет деп ойлаймын.

...Қалай десек те, мемлекет басшысы айтқандай: «Қазақстанның патриоты болу – азаматтық жауапкершілікті терең түсіну деген сөз». Мұны ешқайсымыз естен шығармауға міндеттіміз.

Ә.МОНТАЕВА,
аудандық орталықтандырылған кітапхананың кітапханашысы.

Қалқам, мен Лермонтов, Пушкин де
өмен,
Есенинмін демедім ешкімге мен.
Қазақтың қара өлеңі – күдіретім,
Онда бір сұмдық сыр бар естілмеген.

Ақынмын деп қалайша айта аламын,
Халқымның өз айтқанын қайталадым.
Күпі киген қазақтың қара өлеңін,
Шекпен жауып өзіне қайтарамын.

Мұқағали ақынның ұлылығы мен қарапайымдылығы, өзінің осы жыр шумақтарына сыйып кеткендей. Ол өзінің «Автопортрет» деген өлеңінде: «Махаңдар жоқ, Махаңдардың сарқыты – Мұқағали Мақатаев бар мұнда», – деп өзін Махамбет ақынның сарқытына теңейді. Қазақ поэзиясына, қара өлеңнің қасиетіне, ұлы ақындарына деген қандай сүйіспеншілік десеңізші.

Аудандық мәдениет үйінде облыстық «Фараб» әмбебап ғылыми кітапханасының бастамасымен, аудандық орталықтандырылған кітапхананың ұйымдастыруымен қазақтың әйгілі ақыны Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл толуына орай «Мұқағали оқулары» деген тақырыпта жас оқырмандар арасында іріктеу байқауы өтті. Аталмыш байқауды ұйымдастырудағы басты мақсат – қазақ халқының әдеби мұраларын дәріптеу, оқырмандар арасында М.Мақатаев шығармаларын кеңінен насихаттау, оқушылардың әдебиетке, поэзияға деген құштарлығын, шығармашылық қабілетін дамыту болды.

Байқауға аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты қалалық, ауылдық кітапханалардың жас оқырмандары қатысты. «Мұқағали мұрасы – мәңгілік» деген тақырыпта кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Байқауды Лөңгір қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы, зейнеткер ұстаз Ғалымжан Мырзалы ашып, жастық шағында, Мұқағали Мақатаевтың көзі тірі кезінде лирик ақынның өлеңдері жүректерін жаулап алғанын еске түсіріп, байқауға қатысушыларға сөттілік тіледі.

Үміткерлер байқаудың үш кезеңі бойынша өзара сынға түсті. Бірінші кезеңде «Мұқағали жыры – мәңгілік» деген тақырыпта ақынның кемінде 10 өлеңін жатқа айтуы тиіс болды. Ал екінші кезең «Мұқағалиға арнау» деп аталып, жас оқырмандар өздері ақиық ақынға арнап жазған (кемінде екі шумақ) өлеңдерін оқыса, үшінші кезеңде ақынның өмірі мен шығармашылығына қатысты сұрақтарға жауап берді.

«Мұқали оқулары» байқауына барлығы 13 жас оқырман қатысты. Атап айтқанда, Диқанкөл ауылынан (ауылдық кітапханасы) Нұрдана Хасан, Оңтүстік ауылынан Ақниет Құлыбек, Қаратөбеден Толғанай

Әшірхан, Көксәйектен Меруерт Сәрсен, Әңгіратадан Кәусар Биназар, Ынтымақтан Севилия Тайрова мен Асия Лезгиева, Мәдениден Асылай Мырзагелді, Абайдан Аяна Әбдіресіп, Бірінші

Мамырдан Іңкәр Амангелді, Момынайдан Ерасыл Сүттібай, Ханарықтан Батыр Досметбаев, аудандық орталықтандырылған кітапханадан Айару Тұрдыбек қатысты.

Үміткерлердің барлығы дерлік Мұқағали ақынның 10 өлеңін жатқа біледі екен. Бірінші Мамыр жалпы орта мектебінің оқушысы Іңкәр Амангелді Мұқағали атасының 70 өлеңі мен поэмаларын жаттап алғанын айтып, көпшілікті қайран қалдырды. Тіпті ақынның «Аққулар ұйықтағанда» поэмасының кез келген шумағының бір жолын еске салсаңыз, өрі қарай жалғастырып жатқа айта берді.

Ханарық және Ынтымақ ауылдарынан бақ сынауға келген өзбектің және түріктің ұл-қыздары да байқауға жақсы дайындықпен келгендерін дәлелдеп берді.

Үміткерлер екінші кезеңде Мұқағали ақынға арнап өздері жазған арнау өлеңдерін оқыды. «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы...», – деп Абай атамыз айтқандай, олардың тырнақалды туындыларының көркемдік деңгейі түрліше екендігі жырсыүйер оқырманға анық байқалып отырды.

Бір таңқаларлығы, байқауға қатысушылардың бәрі де үшінші кезеңнің сұрақтарына мүдірмей дәл жауап бергені қазылар алқасымен қатар көрермен қауымды қайран қалдырды.

Қазылар алқасы байқауға қатысушылардың өлеңдерді жатқа оқу мәнерін, сахна мәдениетін назардан тыс қалдырмады. «Ат шаппайды, бап шабады»

• Мұқағали Мақатаевтың туғанына – 95 жыл

демекші, бұл өнер сынына қатысушы жас үміткерлердің кейбір кемшіліктері се- кітапханасының кітапханаларды дамыту және ақпараттандыру бөлімінің меңге-

Ғасыр ақынының жырлары жатқа оқылған байқау



рушісі Д.Байдәулетова, «Төлеби туы» қоғамдық-саяси газеті бас редакторының орынбасары О.Сүттібаев, аудандық орталықтандырылған кітапхананың кітапханаларды дамыту және ақпараттандыру бөлімінің меңгерушісі Р.Әбдірахманова, зейнеткер, аудандық орталықтандырылған кітапхананың ең белсенді әрі үздік оқыр-

решілік жасады.

Осы орайда тағы бір еске сала кететін ең өзекті мәселе бар. Өздеріңіз де көріп, байқап жүрген боларсыздар, аудандық мәдениет үйі мен аудан аумағындағы мәдениет ошақтарында өтетін қандай да болсын байқауларда залдан бұл сынға қатысушылардың отбасы мүшелерін, бірер жанашыры мен бапкерлерін ғана көре алатын болдық. Жарнаманың әлсіздігінен бе, әлде жерлестеріміздің өнерге деген сүйіспеншілігінің әлсірей бастағанынан ба, кім білсін көрермен қауым мұндай мәдени-көпшілік шараларға аттап баса бермейді. Көпшілігінде мәдениет үйінің кең залы бос тұрады. Бұл кемшілікті осы байқаудың басы-қасында болған аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Әуесбек Әсілбектің өзі мойындап, мәселе көтерді. Бірер жылда бітпейтін шетелдік сериалдар мен қалта телефонның соңына түсіп, бар дүниені ұмыта бастаған бүгінгінің қазағы өздерінің бос уақыттарында мәдениет үйлерінің, кітапханалардың есігін жиі қағып тұруды ұмытпағандары жөн сияқты. Рухани байлығын, ұлттық құндылықтарын ұмытып, біржола айырылып қалған халықтың келешегі кемел болмайтындығы айқайлап айтпасақ та түсінікті болса керек.

С.ОРЫНБАСАР

Жанашырлық пен жанқиярлықтың үлгісін танытқан

Қан қысымым көтеріліп, учаскелік дәрігердің жолдамасы бойынша аудандық аурухананың ішкі ағзалар аурулары бөлімінде ем қабылдауға тура келді. Мені дәрігер-терапевт Е.А.Радченко қабылдап, қан қысымымды, температурамды өлшеп, анализдерді қарап, тиісті емдік шаралар тағайындады. Сол бойынша бөлімдегі мейірбикелер күнделікті емдік шаралар қолданып отырды. Мұнда ауысым бойынша оншақты мейірбике жұмыс істейді екен. Солардың ішінде ұзын бойлы, бой-басы келіскен, жүзінен мейірім шуағы төгілген мейірбикенің емделушілермен адами қарым-қатынасы ерекше екенін байқадым. Палатаға күлімсірей келіп, ауыр халде жатқан науқастардың көңілін көтеріп, күнделікті денсаулығындағы өзгерістерді тексеріп, емдік шаралар жасайды. Ол келгенде, науқастар өзін қинаған ауруынан айығып кеткендей болады. Содан ем алғысы келеді. Әңгіме айта отырып, ауру адам инені қалай сұғып алғанын байқамайды. Системаны қайта-қайта тексеріп, палата арасында зыр жүгіріп жүреді. Осындай мейірімді, жылы жүзді мейірбикенің қолы босағанда әңгімеге тарттым. Бұл мейірбике – Айжан Сәлімбаева еді. Ол 1990 жылы Сайрам ауданы Ақсукуент ауылындағы



М.Горький атындағы орта мектептің орыс сыныбында оқып бітіріпті. Ата-анасының: «Қыз балаға лайықты медицина мамандығы» деген ақыл-кеңесімен 1992 жылы Шымкент қаласындағы медициналық училищесінің мейірбике ісі мамандығына құжат тапсырады. Ол кезде қазіргідей оқу орындары көп емес. Сондықтан оқу орындарына түсу үшін конкурс жоғары болатын. Сол жолы медицина мамандығына бір орынға 15 талапкер бәсекеге түседі. Мектепте тиянақты білім алған Айжан барлық емтиханды ойдағыдай тапсырып, студент атанады. Оқу орнын 1993 жылы бітіріп, алғашқы еңбек жолын Ақсукуент ауылындағы аудандық аурухананың ішкі ағзалар аурулары бөлімінде мейірбике болып жұмыс істейді. Теориялық білімі болғанмен, практикалық тәжірибесі жетіспейтін Айжан осындағы аға буын медицина мамандарының ақыл-кеңестерін тыңдап, мамандықтың қыр-сырын, науқастармен қарым-қатынас жасаудың жолдарын үйренеді. Аздаған уақытта мейірбикенің атқаратын функциясын толық меңгеріп шығады.

Осылайша уақыт деген зымырап өте берді. 2010 жылы Айжан Көксәйек ауылындағы Қасымбек деген жігітпен болашақ тағдырын қосады. 2011 жылы Төлеби

аудандық аурухананың ішкі ағзалар аурулары (терапия) бөліміне өз мамандығы бойынша жұмысқа орналасады. Содан бері ол осы бөлімде тапжылмай қызмет атқарғанына 15 жыл, ал жалпы медицина саласында қызмет атқарғанына 32 жыл болыпты. Бүгінде ол бөлімдегі ең тәжірибелі, еңбек өтілі жоғары мейірбикелердің бірі. Өзінен кейінгі жас мамандарға мамандықтың қыр-сырын түсіндіріп, жақсы маман иесі болуына ақыл-кеңесін айтып отырады.

Тәжірибелі мейірбикенің өмірлік қағидасы – емделушілерге сапалы қызмет көрсетіп, аудан халқының өмір сапасын арттыруға үлес қосу. Әр науқасқа мейіріммен қарап, орнына тік тұрып сауығып кетуіне қамқорлық жасау.

– Жаны қиналғанда жанына араша түсіп, дендеген ауруынан құлан-таза сауығып кетуіне медициналық көмек көрсету – менің басты адамдық борышым. Одан артық маған сый-құрметтің де, марапаттың да қажеті жоқ, – дейді мейірбике бізбен әңгімесінде.

Айжан Сәлімбаева медицина саласындағы мінсіз қызметі үшін аудандық аурухана әкімдігі, аудан әкімі, облыстық денсаулық сақтау басқармасы тарапынан мақтау грамоталары мен Алғыс хаттарымен марапатталған.

Міндетіне адалдық, жанашырлық пен жанқиярлық танытқан мейірбике Айжан Сәлімбаева болашақта да адам денсаулығын жақсарту үшін білімі мен күш-жігерін аямайтынына сенімдіміз.

К.ЕЛІКБАЕВ.

Нөкерсіз жүрген, нөсерге төзген

Арна жағалағандағы арман

Біз тұратын Тұздыбастау ауылын Үлкен Алматы арнасы қақ жарып өтеді. Ауылға кіре бергенде және шыға бергенде табаны мен екі жағы шегенделген, ал ауылдың ортасында төбесі тұтасымен жабылған. Бір көше үстімен созылып және бірнеше көше көлденең қиып өтеді. Қазақстандағы құрылыс инженериясының бір жетістігі осындай еді.

Оны жағалап жүргенде ойға талай жайт оралады. Жас журналист кезімізде осы Үлкен Алматы каналының құрылысынан «Ырыс арнасы» атты мақала жазғанбыз, ол жастардың «Лениншіл жас» газетіне бір бет болып жарияланған. Кейін Ұзақбай Қараманов туралы «Социалистік Қазақстан» мақала жазғанда арнаға тағы соққанбыз. Өйткені ол кісі Қазақ селден қорғау басқармасын басқарғанда құрылыстың үштен бірін салған.

Бұлар журналистік жолымыздағы екінші емес, өкіндіретіні – басқа жайт. Тағдыры Үлкен Алматы каналына қатысты тағы бір үлкен тұлға болды. Ол – Мұстахим Біләлұлы Ықанов Қазақстандағы су шаруашылығының айтулы маманы, бірнеше облысты абыройлы басқарған, үкімет басшысының орынбасары қызметін де атқарған.

Оқиға өткен ғасырдың 80-жылдарының соңында болған. Орал облысын басқарып келген Ықанов қалай зейнет жасына жетті, солай қызметтен босатылды. Ол кезде зейнет жасы – 60 еді, тарихтың күнтізбесі 1986 жылды көрсетіп тұрды. Қазақстанның бірінші басшысы Д.Қонаевты қызметтен алу барысында «айналасын тазалау» науқаны өтті. Облыстарды басқаратын қазақ қайраткерлері шетінен босатылды. Ал сондай қызметтегі басқа ұлт өкілдеріне тиіспеді. Облыстық партия комитеттерінің ұлты қазақ бірінші хатшыларын босатып қоймай, оларды тексеру басталды. Шымкент облысын басқарған Асанбай Асқаровты соттады, Алматы облысын басқарған Кеңес Аухадиевтің басын әуреге салды.

Ықановты тексеруге себеп табылмады. Оралдан Алматыға екі-үш шабаданмен көшіп келген. Кейін Алматы қаласы мен Шығыс Қазақстан облыстарын басқарған, бірнеше мәрте министр болған Храпунов жиған мүлкін жүк ұшағына тиіп ұшқан еді ғой. Айтпақшы, Ықановтың жекеменшік «Волга» көлігі бар екен. Оны Қонаев рұқсат беріп, айлығынан жинақ кассасында сақталған ақшасына алған. Түбіртектері түгел.

Сонымен қызметті өткізіп, Оралдан Алматыға көшіп келген, күш-қуаты бойында, ақыл-ойы кемел, ең бастысы өзін әлі Отанға керекпін деп есептейтін Мұстахим Біләлұлы Қазақстанның басшысы Колбиннен Үлкен Алматы каналы мекемесін басқаруға жіберуді сұрайды. Мамандығы су шаруашылығына тікелей қатысты, жылдар бойы жинақтаған тәжірибесі жетерлік. Бірақ Колбин «бұған дейінгі істеген қызметіңіз бір басыңызға жетер» деп келісім бермейді.

Әрі қарай Орал облысында «Ықановтың кадры» аталатындарды тазалау науқаны басталған. Аудандарды, облыстық мекемелерді табысты басқарып, ішпей-жемей ел үшін қызмет етіп отырғандар еш себепсіз жұмыстан шығарылды. Осы екі жағдай оның жүрегіне салмақ салды. Тек Колбин кетіп, республика басшылығы қазақтардың қолына тигенде Ықанов Үлкен Алматы каналы мекемесіне басшы болып тағайындалды. Арна қайтадан табыс әкеле бастағанмен, солақай саясаттан жүрегіне жүк түскен Ықанов 1991 жылы қараша айында қайтыс болды. Қазақстан өзінің ең білікті, ең шешімтал, ең адал басшыларының бірінен осылай айырылды.

Біртіндеп Үлкен Алматы каналы әр жері кетіліп, тозды. Табанына өскен қамыс-қоға бақаның мекені болды. Тұнық су келетін арна тұрмыстық қоқыс тасталатын, сасық иіс шығатын, жақындап барғанның жүрегі айнитын аймаққа айналып кетті. Ақыры 2025 жылдың ортасына қарай жөндеу басталыпты. Қаншама қаржы кетпек, әрі ол жырымдалмай орнымен пайдаланылса дейсің.

Үлкен Алматы каналының бойымен өткенде көңілге өкініш кептелетіні содан. Ықанов болғанда..., Ықановтың мүмкіндігін пайдаланғанда..., қазіргі басшылар Ықановқа ұқсағанда дейсің!

Арасы қиылған арқан

Мұстахимның атасы Ықан Батыс Қазақстандағы Жәнібек ауданының Борсы ауылында тұрған. Елді аласапыранға түсірген Қазан төңкерісіне дейін дәулетті, аймаққа ықпалды адам еді. Біләл мен Латиф атты ұлдары мен қызы Зейнепті еңбекке тәрбиелеген. Ықаннның інісі Қадырғали қайтыс болған соң, оның артында қалған қыздары Гүлім мен Гүлжиханды өз қолына алыпты.

Ықан ауылдың шетінен еңселі үй салған. Қорақопсысын үйден бөлек ұстаған. Борсыда біреу ауырып қалса, Ықан Саратов жақтағы тамыры фельдшер Федорды жазда пар ат жеккен арбамен, қыста шанамен әкеліп, ауылдастарын емдеткен. Немересі осында дүниеге келген. Арада жарты ғасыр өткен соң өлгі үйді кеңестік шаруашылық пайдаланып отырғанын облыстың бірінші басшысы Мұстахим Біләлұлы өзі көрсе керек.

Күштеп ұжымдастыру басталғанда Ықаннның малы екі шаңыраққа деп есептеліп, көмпескеден аман қалады. Біртіндеп ауылға аш адамдар қаптайды. Ықан қорадағы малынан ет, алқаптағы өсіретін дақылынан астық пен бақша өнімдерін береді. Бірақ бәріне қалай жеткізсін? Заманның ауаны жамандыққа өзгеріп бара жатқанын сезген соң Ресейге көшіп кетеді.

Отбасы Саратов арқылы Тулаға дейін жетеді. Ықан,

Кешікпей екеуінің оқуға қабылданғаны туралы жақсы хабар жетті. Жоғары оқу орнына түсулеріне байланысты Ықанов пен Көпжасаров жол дистанциясындағы жұмысынан босатылды.

Екі дос Ташкентке бірге кеткенмен, бір жыл оқыған соң жолдары екіге айырылды. Құдайберген оқи берді де, Мұстахим кері қайтты. Атасын жалғыз қалдырып кетуге болмайды екен. Көп жылдан соң Көпжасаров Қазақ теміржолының басшысы болып тағайындалды. Досы Ықанов басқа биіктерді бағындырған.

Мырзашөл болған маң дала

Ықанов еш қиындықсыз Алматыдағы Қазақ ауыл шаруашылық институтына түсті. Бес жыл үздік оқыды. Оқу бітіргенде ректор А.Жұматов «ғалым боласың» деп Мәскеудегі Тимирязев атындағы ауылшаруашылық академиясына жолдама бермекші еді. Атасы үшін одан бас тартқан Мұстахимды Алматы қаласындағы Фрунзе аудандық комсомол комитетін басқаруға жіберді. Партиялық тапсырмадан бас тартуға болмайтын.

Бұл кезде Қазақстанның оңтүстігінде жаңа мақта алқаптарын игеру науқаны жарияланды. «Іздегенге – сұраған» деген осы, Мұстахим атасын ертіп Бетпақдалаға аттанды. 1952 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Ильич ауданындағы «Жетісайстрой» басқармасына прораб болып келді. Аз уақыттан соң бас инженер қызметіне өсті. Келгеніне үш жыл болғанда «Жетісайстрой» басқарманың бастығы болып тағайындалды.

Осы қызметте не істегенін Оңтүстік Қазақстан облыстық газетіндегі көлемді мақаласында жазды. Иә, көмекші мен кеңесшісі, баспасөз хатшысы деген жоқ заманда Ықанов күндіз құрылыс басында болып, кешке ертең не істейтіндері туралы жиналыс өткізіп, түнделетіп мақала жазған. Әрі Мәскеу түбінде орыс мектебінде оқыған, теміржол техникумы мен ауыл шаруашылығы институтын орыс тілінде бітірген маман қазақ тілінде мақала жазған. Қазақ тіліне жетік болуы – жанында әрдайым ұстазы жүргендіктен. Ол – атасы Ықан.

Біз кезінде Бетпақдаланы игерушінің бірі, соғыс ардагері Бекежан Тоқсанбаевтан естелік алғанбыз. Ол кісі «Мұстахимның атасы Ықан батыр денелі кісі еді. Ол ақсақал айтар сөзін қысқа да нұсқа, терең мәнді өлең сөздерімен айтатын» деген.

Содан бір күні республиканың Министрлер кеңесіне шақырған. Не болды десе, Ықановты Қазақстанның оңтүстігіндегі бүкіл суландыру құрылыстарын жүргізетін «Казгольстепьстрой» тресіне бастық етіп тағайындамақ. Бұған дейін тресті Ақоп Саркисов басқарған. Ол кейін Лениндік сыйлық алған. Жас маман Мұстахим Ақоп Абрамовичтің лайықты ізбасары бола білген.

Ықановтың «Казгольстепьстрой» тресін басқарған кезінде не істегенін Ильич аудандық газетіне жазған «Берері көп Бетпақдала» атты мақаласынан оқуға болады. Мұнда цифр көп. 5000 шаршы метр тұрғын үй салынып, 350 000 гектар суландырылатын алқап игерілген. Басқасын келтіріп қайтеміз, тек «бетон» деп емес, «шемен» деп жазғаны риза етеді. Мақала «шөмішті», «адымдағыш» деген сияқты қазақы ұғымдарға тұнып тұр. Жұмысшылар үшін кітапхана жабдықтағанын да айтыпты.

Кітап демекші, Бетпақдалаға жаңа роман жазу үшін Мұхтар Әуезов келгенде трест басшысы Мұстахим Ықанов атқарылған істермен таныстырған. Сонда жаны дарқан жазушы:

– Мұстахим, «Голодная степь» дегенді енді гүлденген мырза шөл деп айтсақ жөн екен, – деп риза болыпты.

Содан бастап бұл аймақты жергілікті халық Мырзашөл атап кетті. Бұл туралы «Вокруг света» журналында арнайы мақала жазылды. Ықанов Мырзашөлді КСРО Халық өртісі өнші Людмила Зыкинаға, ақын Евгений Долматовскийге таныстырды. Оларды қойшы, осында келген КСРО көсемі Никита Хрущев пен үкімет басшысы Николай Косыгинге атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде есеп берді. Осылай іскерлігімен танылған Мұстахим Ықанов 1961 жылы 35 жасында Оңтүстік Қазақстан облысы Ильич аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып бекітілді.

Кешікпей Хрущев өлкелік құрылым дегенді ойлап тапты. Қазақстанның Батыс облыстары бір өлкеге, солтүстік облыстары Тың өлкесіне айналды, Қызылорда, Жамбыл мен Шымкент Оңтүстік Қазақстан өлкесі болып біріктірілді. Абыр-сабырдың кезінде Мұстахим Ықанов Оңтүстік Қазақстан өлкелік су шаруашылығы басқармасын басқаруға жіберіп, әрі қарай Мырзашөлдің көп бөлігі «уақытша» деген желеумен Өзбекстанға берілді. Өлкелер тиімсіз деп таратылып, облыстар қайтадан отау тіккенде Ықанов Қызылорда облысын басқаруға жіберілді.



Біләл мен Латиф үшеуі де құрылыста жұмыс істейді. Бірқатар кеңестік зауыттарда қолтаңбалары қалған. Әрі қарай Орехово-Зуево қаласында тағы бір құрылыстың реті шығып, соған көшеді. Осында Зейнеп, Гүлім, Гүлжихан, Мұстахим мектепте оқыған.

Мектеп пен бұлар тұратын үйдің арасы қашық. Орманнан өту керек. Мұстахим қолына таяқ ұстап жүріп, қыздарды қорғаған. Бірнеше рет арттарынан қасқыр ерген. Зейнеп апаның бізге айтқан естелігі бойынша таяқ кезеп қасқырға қарсы жүргенде, Мұстахим 12 жаста екен.

Содан соғыс басталды. Біләл бірден майданға кетіп, қаза тапқаны туралы «қара қағаз» келді. Мұстахимның шешесі Мақпал қайтыс болды. Ақын Қадыр Мырза Әлиде өке соғысқа кеткенде елдегі ата мен немерені ортасын қиып тастап, екі жағын жалғаған арқанға теңейтін өлең бар. Тура сондай болды да шықты. Ықан немересінің тілеуін тілеп, соны таяныш етті. Мұстахим атасын қасынан тастамады.

Бұлардың отбасы эвакуациямен Алматыға жіберілді. Осында нөмірі екінші нан зауытынан майдандағы армия үшін тәулік бойы нан шығарылатын. Мұстахим теміржол техникумына түсіп, оқумен қатар сол нанды стансаға тасушының бірі болды.

Теміржолдан бұрылған өмір жолы

Алматы мен Семейдің арасында Ақтоғай стансасы бар. Бұрын Түріксібтің қатардағы шағын бекеті еді, енді тораптық стансаға айналған. Оңтүстік Қазақстаннан Ресейдің Сібіріне өтетін теміржол мен Орталық Қазақстаннан Қытайға өтетін теміржол осында қиылысады. Мұнай құйылған цистерналы, контейнер қойылған жайпақ платформалы вагондардың тізбегі ары-бері ағылып жатады. Түсті металл кен орны ашылып, комбинат жұмыс істейді. Вахталық жұмысшылар мініп-түсетіндіктен, жолаушылар пойызы ұзақ тоқтайды.

Ақтоғайда Мұстахим Ықанов еңбек еткен. Алматы теміржол техникумын бітірген 1945 жылы жас жігіт Қазақ теміржолының Тентек стансасына жолдамамен жіберілді. Аз уақыттан соң Ақтоғай стансасындағы 4-жол дистанциясының технигі қызметіне ауыстырылған. Ол уақытта Қазақ теміржолын Жұмағали Омаров басқарған. Жас маман жер аударылып келген әзербайжан инженері Мамед Кулиевтің бригадасында жұмыс істеді.

Көртішке бойынша әрбір теміржолшыға күніне 600 грамм нан берілетін. Айына 400 грамм қант пен 800 грамм ет немесе балық бөлінеді. Мұстахим сол нан мен қанттың жартысын сақтап, Алматыда қалған атасы Ықанға жібереді. Теміржол техникумына түсуінің өзі атасы екеуін асыраудың қамынан туған. Өйткені мұнда да теміржолшыға тиесілі көртішке берілетін.

Ол Ақтоғайда Құдайберген Көпжасаровпен жолдас болды. Жоғарыдағы басшы Омаров «жастар, сендер әрі қарай білім алыңдар» деп кеңес берген соң Мұстахим өзі мен Құдайбергеннің құжатын алып, Ташкент теміржол инженерлері институтына тапсырып қайтады.

1952 жылы Жетісайға атасы Ықсанды ғана алып барған Мұстахим 1963 жылы қаңтар айында Сыр бойына атасына қоса келіншегі Саиданы ертіп, қызы Гүлнарды көтеріп келді.

Еңбек адамы еңселі

1963 жыл басталысымен Қызылорда облысы аса ауыр жағдайда қалды. Күзде небәрі 6 мың тонна күріш жинаған. Жемшөп жеткілікті дайындалмаған. Қыстаулар тұрмақ, ауылдарға барар жол жоқ. Бәрі қалың қар астында. Малшылар, ондағы мал не болып жатқаны белгісіз. Қоян жылының қысы сұрапыл. Анығында, Сыр бойында жұт басталған.

Материалдық жағдай ғана емес, моральдық ахуал асқынған. Облыстық жазылған домалақ арыздар Алматы тұрмақ Мәскеуді жалықтырыпты. Сондықтан облыстық партия комитетінің хатшылары тегіс ауыстырылды.

Ықсанов дереу басқа облыстардан малға жемшөп, республиканың қорынан қар аршитын техника мен малшыларға жылы киім алғызды. Облыс теміржол бойында жатқандықтан, әр аудандағы стансалардан жүкті шаруашылықтарға, одан әрі қыстауларға жеткізуді жедел ұйымдастырды. Облыс пен ауданда ешкім кеңседе отырмайтын болды. Өзі тағайындалғанға дейін қырылған мал болмаса, одан кейінгісін тегіс аман алып қалды. Әрі қарай екі жылғы төлмен шығынның орны толып, мал шаруашылығында өсім басталды.

Қиын қыста облыстық партия комитетіне екінші хатшы қызметіне келген Сейдәлім Тәнекеев ақсақалмен кейін талай әңгімелестік. Ықсановтың сондағы арпалысы Батырлар жырынан бетер екен. Бір қыстаудан келесі қыстауға боранда жол аршып, азық-түлік пен жемшөпті қалай жеткізгендерін айтқанда сол тұста облыс басқарғандардың жанкештілігіне таңдай қағасың!

Сондай қыста малдан шығын бермей қайсарлық танытқан шопан да болған. Соның жұмысын насихаттауға журналисті арнайы қалдырып кетеді. «Басшыларды мақтама, мақтасаң – еңбек адамын мақта!» Ықсановтың ұстанымы осындай еді. Ендігі заманда қалай? Ауданның, облыстың газетін ашып қалсаң, әкімнің қайда барғаны мен не дегенінен көз тұнады.

Ықсанов егін шаруашылығының жағдайын да тез түзетті. Мәскеуге барып Сырдарияның орта және төменгі ағысындағы жерді күріш егуге бейімдеуді Одақтық бағдарламаға қосқызды. Бұған дейін бағдарлама тек Ресей мен Украинаны қамтыған екен. Енді сол жағалауды толық игеру, оң жағалаудағы Қызылорда және Қазалы алаптарын суландыру Орталықтың қаржысына жүзеге асатын болды. Күріш егетін 14, қой өсіретін 10 жаңа шаруашылық құрылды. Олардың әрбірін жасақтауға 20-25 миллион аралығында кеңес сомы бөлінді. Күріш үшін 150 мың гектар жер ыңғайланып, танапқа айналды.

Осымен цифрларды тоқтатайық та, Ықсановтың Сыр бойында еңбек адамының еңсесін қалай көтергеніне тоқталайық. Ыбырай Жақаевтың атағын аспандатып, 1964 жылы одақтық «Труд» газетіне бір бет етіп күрішшінің озық тәжірибесін насихаттады. 1965 жылы одақтық «Сельская жизнь» газетіндегі мақаласында Қармақшы ауданындағы Әбен Тоғызбаевтың звеносының жұмысын жалаулатты.

Әрі қарай кеңес одағындағы ең беделді басылым «Правда» газетіне күріш өсірушілер Ыбырай Жақаев, Заһира Ержанова, Әбен Тоғызбаев, Баян Құттыбаева, жүгеріші Сартай Махамбетова, шопан Нартай Көкиев, тағы басқалардың ерен еңбегі атап өтілген мақала шығарды. Кезінде қазақша аударылып, «Социалистік Қазақстан» газетіне жарияланған мақаладан бір сөйлем келтірейік: «Еңбекте үздік шыққан адамға жұртқа естіртіп «рахмет, саған» деп айтудың әсері қандай күшті десеңізші!»

Мұстахим Біләлұлы көппен бірге жүрді. Жұмыс істейтіндердің ортасынан табылды. Барар тұсына паровоздың машинисінің қасына отырып та жетіп алатын. Боран мен несер оны жолынан тоқтата алмаған. Жұмысшылар асханасынан тамақтана беретін.

Ыбырай Жақаевтың ізбасары болған Қонысбек Қазантаев өз естелігінде былай деген: «Қазақ азаматтары арасынан терең де тез шешім қабылдайтын, маңғаздық пен мардымсуға жаны қас жігіт көргеніміз бірінші рет болатын. Сырттай сүйсініп жүрдік. Көзіне мақтап, көлгірсі алмадық». Көзге мақтау көдеден көп мына заманда Ықсановты сағынатынымыз сондықтан. Ыбырай Жақаевтай даңғайыр диканның екінші рет Социалистік Еңбек Ері атағын алуына Мұстахим Ықсановтың тікелей ықпалы болды.

Тікелей ықпалы болған тағы оқиға бар. Бұған дейін жергілікті ақындар мен композиторлар «Жақаевшылар маршы» мен «Ақ күріш туралы өн» шығарған еді. Құлашты кең сермейтін Ықсанов Шәмші Қалдаяқовты шақыруға тапсырма берді. Композиторды ақын Зейнолла Шүкіровпен жолықтырған соң атақты «Сыр сұлуы» дүниеге келген. Өнге Мұстахим Ықсанов қатты риза болған. «Енді мұны әрі қарай дамыту керек» деп тұжырыған. Тікелей тапсыруымен «Сыр сұлуы» атты ансамбль құрғызған. Басқа облыс, аудандарда жергілікті атауды ту етіп шыққан ондаған ансамбльдің бірінші қарлығашы «Сыр сұлуы» еді.

Жамбыл жері жайнады

Үш жылда Қызылорда облысы аяғынан қаз тұрған соң Ықсанов Жамбыл облысын басқаруға жіберілді. Атасын, отбасын алып сонда қоныс аударды.

Мұстахим Біләлұлы келген 1970 жылы Жамбыл облысы мен оның орталығы уақыт көшінен мүлде қалып қайған. Облыста фосфордың мол қоры жатқанымен, оны игеретін күш жоқ. Әлеуметтік нысан атаулыдан жүрдай. Жамбыл қаласының өзінде еңселі ғимараттар мен тұрмысқа қолайлы тұрғын үйлер салынбаған. Тұрғын үй комбинаты КСРО Мемлекеттік құрылыс комитеті барлық жерде алғызып тастаған ескі жобамен жұмыс істепті. Онда да жылына санаулы үй салады. Облыста құрылыс техникасы ескі және тозған. Берік база жасалмаған.

Жаңа басшы Орталыққа фосфор өндірісі үшін барлық керектіні көрсетіп, «Қаратау алабында фосфор өнеркәсібінің құрылысын тездету туралы» қаулы қабылдаты. Қуатты «Қаратау химия құрылысы» бас басқармасын құрып, оған үш тресті кіргізді. Жаңа құрылыс трестері жасақталды. Жаппай техника алғызды. Оны меңгеру және болашақ фосфор зауыттарында жұмыс істеу үшін негізінен қазақ жастары оқитын бірнеше кәсіптік техникалық училище ашты. Бұған дейін картада болмаған Жаңатас қаласын салғызды. Бұрынғы Шолақтау ауылы лезде қалаға айналып, Қаратау атанды. Жамбыл қаласында көпқабатты жаңа тұрғын үй, мектеп, балабақша, сауда, тұрмыстық қызмет, мәдениет нысандары жаппай салынды. Көшелер мен жолдар асфальттанды.

Ауылға назар аударса жағдай тіпті, нашар. Құлағалы тұрған қоралардың іші мен айналасын кең басқан. Шопандардың үйі айтуға ауыз бармайтындай жағдайда. Сол тұста мал шаруашылығы мықты делінетін Қазақстанда малшы үшін нақты жағдай жасаған басшылар санаулы. Оның ішінде ең үздігі Ықсанов болған.

Ол темір-бетоннан жаңа қоралар жобалатты. Ішін жыңғылмен астарлайды. «Жамбыл химия құрылысы» тресіне жаппай осындай мал қораларын тұрғызу тапсырылды. Бұрын тізеден лай кешіп жүретін малшылар бейнеттен құтылды. Төбесі биік, іші кең қораларды қиын техникамен тазалау мүмкін болды. Сарысуда, Шуда, Мойынқұмда мал басы еселеп өсе бастады.

Малшылар жазда жайлайтын Ұланбелге дейін асфальт жол апарды. Қызылорда облысында Ыбырай Жақаев ақсақалмен қалай ақылдасып отырса, енді мұнда екі мәрте Социалистік еңбек Ері Жазылбек Қуанышбаевпен жиі кеңесті. Сырда күріш дақылының даңқын шығарса, мұнда қант қызылшасы өнімін бұрынғыдан еселеп өсірді. Облыс Қазақстандағы қант қызылшасының 60 пайызын берді.

Бәрі қуатты техника мен қаржы арқылы шешілетіні мәлім. Ықсанов Мәскеуге жиі барып, Одақтың министрлері мен Мемлекеттік жоспарлау комитетіне жағдайды, болашақты түсіндіріп, облысқа қажеттінің бәрін толық қалпында алып отырды.

Осындай жетістіктерден кейін Мұстахим Біләлұлы Қазақстан үкімет басшысының өнеркәсіп пен құрылысқа жауапты орынбасары, одан республиканы басқаратын партияның Орталық Комитетінде осы салалар бойынша хатшысы болды. Енді бүкіл қазақ даласы алып құрылыс алаңына айналды. Бәрін санап тауысу үшін бір кітап жазу керек шығар. Тек Жаңаөзен қаласы Ықсановтың басшылығымен жобаланып, салынғанын айтсақ жетер.

Жан-жақта ашылып жатқан өнеркәсіп орындарынан бір саланы сипаттаумен шектелмейік. Шымкент фосфор зауыты, Қаратау кен-химия комбинаты, Жамбыл қос-суперфосфат зауыты, Ақтөбе химия комбинаты, Қостанай талшықты химия зауыты, Атырау химия комбинаты іске қосылып, табысты жұмыс істеді. Қазіргі Қазақстандағы химия кластерін Мұстахим Біләлұлы қалыптастырған.

Ол республика басшыларының қатарына қосылған 1971 жылы мамыр айында Жамбыл облысында зілзала болды. Ертесінде Ықсанов осында келді. Не бүлінді, шығын қанша, оны қалай тездетіп қалпына келтіру керек, осы шаруаларды шұғыл шешті. Бір ғажабы, өзі облысты басқарғанда тұрғызған бірде-бір ғимарат қирамаған екен.

Орал осылай оянды

1975 жылы сәуір айында Мұстахим Ықсановты Орал облысын басқаруға жіберді. Қонаев оған «Қазақстанның батыс қақпасы аңғал-саңғал. Республикаға кіріп-шыққанның бәрінен ұят. Соны ретке келтір» деп тапсырма берген.

Ол туған жеріне оралды. Бұл жолы қасында атасы жоқ. Ықсан қарияға топырақ көне Тараздан бұйырды. Әкесі Біләлдің сүйегі Брест пен Мәскеудің арасында қалған еді, анасы Мақпал Орехово-Зуевада жерленді. Бір әулеттің тағдыры деген қандай күрделі.

Мұнда да мал шаруашылығы мүлде құлдыраған екен. Жемшөп жеткіліксіз. Шабындыққа су жайылмаған соң шөп жақсы шықпайды. Ықсанов республиканың өнеркәсіп пен құрылыс саласына жауапты басшы болып тұрғанда-ақ Орал-Көшім суландыру жүйесінің құрылысын бастатқан. Облысқа келген соң соны дереу іске қосқызды. Басты канал 250 шақырым, тармақтарымен қоса есептегенде, 3 мың шақырым болатын су жүйесі

бірнеше ауданның жағдайын жақсартты. Енді ең шалғайдағы Жәнібек ауданының мәселесін шешуге кірісті. Мұнда су Еділден алыну керек, бірақ дария Ресей Федерациясы аумағынан ағады. Ықсановтың іргелес Волгоград облысының басшысымен кездесуінің нәтижесінде, Жәнібекке арнамен келетін су мөлшері үш есе артты. Осылай Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы бойынша республикадағы алдыңғы орындардың біріне шықты.

Волгоградтан Оралға бөлінетін суды үш есе көбейтсе, есесіне мынандай оқиға болған. Ресейдің Куйбышев облысына 25 дана күйенте (коленвал) керек екен. Оны Оралдағы механика зауыты жасайды. Директоры «Мәскеудің есебінде тұратын өнім, рұқсаты керек» деп бермей қояды. Мәселе Ықсановқа жеткенде «зауыт директорын бүгін Мәскеуге ұшырып жіберіңдер, рұқсатын алып келсін» деп қатаң тапсырма беріпті. Директор кешірім сұрап, бірден қажетті коленвалды Куйбышевке тиетіп жіберген. Іскерлік байланыс деп осыны айтады.

Ықсанов Орал қаласының бас жобасына конкурс жариялатты. Ленинградтық жоба қабылданып, сол бойынша облыс орталығы қайтадан салына бастады. Кең даңғылдар бойында монолитті биік үйлер бой көтерді.

Екінші дүниежүзілік соғыс басталғанда Оралға бірнеше әскери зауыт көшірілген. Оған қоса Ықсановтың тұсында тағы бірнеше әскери зауыт салынды. «Зенит», «Омега», «Металлист», «Гипроприбор» сияқты бұрын құпия кәсіпорындар кейін тәуелсіз Қазақстанның қорғаныс саласын нығайтуға үлес қосты, кейбірі конверсияланып, жаңа экономикадан өз орнын тапты. Жабылады деген «Орал мұнай мен газ геологиясы» тресін сақтап қалды. Осы трест Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнын ашуға белсене қатысты.

Оралға жаңа әуежай салғызды. Бұрын Алматыдан Мәскеуге ұшатын үлкен ұшақтар жолай Қарағанды, Қостанай, Павлодар сынды орыс басшылар басқаратын қалаларға қонатын. Енді Оралға да қонатын болды.

Ықсанов еш нөкерсіз жүрді. Нәсердің астында шалғайдағы шопанның үйіне бара беретін. Тіпті бірде төл тасып жүрген түйе жеккен арбаға отырғанын көргендер бар. Қайда баратынын ешкімге айтпайтын, әуреге түсірмейтін. Есесіне оған жиында ешкім өтірік айта алмайтын. Өйткені жағдайды бірінші басшы өз көзімен көріп келген.

Еңбек адамын құрметтейтін дағдысынан Оралда да жаңылмаған. Ықсановпен иықтасып облыста қызмет атқарған Мұрат Қалматаев деген ағамызбен ара-тұра пікірлесетінбіз. Желтоқсанда қазақ жастарын қорғаған, сол үшін Ауғанстандағы соғысқа жіберілген нағыз от пен судан өткен кісі еді, жарықтық. Сол Мұрат Дүйсенбіұлының былай дегені ойда қалыпты.

Бірде екеуі шопанның жағдайын білуге барады. Жандарында аудан мен шаруашылық басшылары болмайды. Облыстың екі басшысы қойшының барлық тірлігін көріп, сөзін тыңдап қайтады. Қайтар жолда Ықсанов:

– Ал Мұрат, не байқадың, соны айтшы? – деп сұрайды.

Бұл сұраққа ойланып қалған Қалматаев:

– Отарды өріске шығарғанда көрдім, бір қойы ақсап қалыпты, – дейді.

Сонда Ықсанов басын шайқап:

– Айдалада мемлекеттің 700 бас малын ит-құсқа жегізбей, аштан қырмай бағып отырған жанкешті еңбекті көрмей, ақсақ бір қойды ғана көргенің дұрыс болмаған, – дейді. Міне, басшы ғана емес, кісі болуының мысалы!

Кісілігіне тағы бір мысал бар. Облыс басшысы үлкен ұжымға ауыспалы Қызыл ту тапсыруға барған. Оқиғаны фотоға түсіріп, газетке шығаратын тілші Есенжол Қыстаубаев пен фототілші Сансызбай Жангелдиев кешігіп келсе, ту тапсырылып кеткен. Фототілшінің жаны мұрнының ұшына келді. Жиын соңында бар күшін жинап «Суретке жақсылық түсіру үшін Қызыл туды қайта тапсырыңызшы» деп сұрайды. Жиындағылар Ықсановтың екі сөйлемек түгіл, ештеңені екі рет істемейтінін білетін. Сондықтан енді не болар екен демін іштерінен алады. Ықсанов болса, «прессаның аты – пресса» деп ұжым басшысы Григорий Белашқа Қызыл туды қайта тапсырыпты. Бұл күнде баспасөзді осындай қадірлейтін басшы бар ма екен!

Орал облыстық телевизиясынан 95 адамды Мәскеуге жіберіп, Орталық телевидениеден бір сағаттық бағдарлама көрсеткізді. Оған дейін Мәскеуден Қазақ телевизиясы ғана эфирге шыққан. Бұдан кейін ешбір облыстық телевизияға Орталықтан эфирге берілмеген. Біз бұл деректі телевизия тарихын зерттеген кезімізде анықтап едік.

Ықсанов 1976 жылы «Ақ Жайық» ән-би ансамблін құрғызды. Келер жылы оның Норвегияда өнер көрсетуіне жол ашып берді. Оралда Жұбан Молдағалиев басқаратын Жазушылар, Еркеғали Рахмадиев басқаратын Композиторлар, Шота Уәлиханов басқаратын Сәулетшілер одақтарының көшпелі пленумдарын өткізіп, өзі қатысты. Осылай құрылыс пен өндіріс, жол мен су әкелген Жайық өңіріне өнердің де сан саласын Мұстахим Біләлұлы алып келіп еді.

Қайнар ОЛЖАЙ.

II БӨЛІМ

(Әбдіраш Дәуітовтің баспасөз беттерінде жарияланған мақалалары, очерктері мен әңгімелері)

• Бәйгеге түскен шығармалардан

ЛАТЫШ ҚЫЗЫ

Балдыбіректің арғы бетінде машинадан түсіп жатқан екеуіне ауыл адамдары тұстұстан қарап, аңтарылып тұрып қалды. Екеудің біреуі – орта бойлы толықша келген, сымбатты жас жігіт те, екіншісі – шашын желкесінен қырқып қойған, жіңішке ақсары қыз. Олар машинадан түсіп, түйіншектерін арқалаған күйі көпірден бері өтіп, ауылға беттеді. Осы кезде ересектердің бірі «Ойбай-ау, Үсіп қой, өзіміздің Дияшбай атамның баласы» деуі мұң екен, жұрт келе жатқан екеуіне қарай лап қойды. Өңшең жалаң аяқ балалар оларға жұрттан бұрын жетсе де, тосырқағандай тұрып қалды.

Үсіп балалардың көбін танымаса да, кейбірін ата-аналарына ұқсатып шырамытты. Жүгіріп келіп, балаларға қолын созып еді, олар қол алысып амандасу орнына бәрі бірдей жабылып құшақтай кетті. Бірі иығына, бірі бауырына шықса, бірі тізесінен құшақтады, оларға үлкендер келіп қосылып... бәрі мәре-сәре болды да қалды. Кейбіреуінің көздерінен қуаныш жасы да мөлдіреп шығып жатыр. Ал шетте тосырқай қарап тұрған ақсары жіңішке қызбен ешкімнің де ісі болмады.

Бұрын қазақ арасында болып көрмеген, сонау Пермь қаласынан келген жас қыздың осында жеткенше алып ұшқан жүрегі шеттеп қалған соң, су сепкендей басылып, құлазып кетті. Өзінен-өзі жабырқап, келген жағына қарай берді... Бір мезет өзінің сүйікті Пермь қаласын сағынғандай, қайтып кеткісі де келді.

Жоқ. Ешқайда кетпейді Мынау топтың ішінде мұның ең қымбат, ең сүйікті адамы бар. Ол адаммен өмірде не кездессе де бірге көрем деген уәдесі бар.

Сонау Пермь қаласында жүргенде қазақтың дархан даласын, сол дала-сындай кең пейілін есітіп, сол жерге жеткенше асығатын. Келгенде дәл осылай күтіп алар деп ойлаған емес.

– Танымайтын адамына сөйтетін шығар, – деп өзін өзі жұбатты. Оля да жұртпен бірге үйге кірді. Үлкені де, кішісі де өз тілдерінде бір нәрселерді айтып, Оляға таңырқай қарады.

Ер кісілер Үсіпті ортаға алып, төкемет үстіне жайғасты. Бала-шаға, әйелдер есіктің шығар көзіне дейін иін тіресіп тұр. Тұра беруге ыңғайсызданған Оля чемоданын шеткері бұрышқа қойып, өзі үстіне отырды да, жеңіне қыстырған кішкене бет ормалын алып, мандайындағы терін сүртті.

Осы кезде хабар алған Дияшбай қарт та астындағы қыршаңқы болған торы байташымен жетіп, есік алдына домалап түсті де, атты кермеге байлауға шамасы келмей, жүгіре басып үйге кірді.

– Құлным-ау, сені де көретін күн бар екен ғой – деп бас салғанда, екі көзден жас сақалын жуып кетті. Үсіптің көзіне де мөлдір тамшылар үйірілді. Көз жасын ешкімге көрсетпеймін деп еке бауырына тығыла түскенде, кеудені белгісіз бір тылсым күш билеп, өксіп-өксіп жіберді.

Қуанышты сөздер әр көмейден бірінен кейін бірі ағытылып жатыр.

– Оу, бүгін ақ түйенің қарны жарылған күн, аш анау сандықты, Үсіпке деп сақтап жүргенің бар болар, – деп есік жақтағы біреу Қаным апайға бір, төрдегі сандыққа бір қарап қойды.


– Ойбай-ау, бәрі де болады, – деп сасып қалған Қаным апай төсектегі ақтарып салып, сандықтағы бар төттісін көсіп-көсіп алып, дастарханға шашты.

– Сен де жақын отыр, шырағым. Қаратөбеге бара жатқан баласың-ау, енді жақын қалды, асықпай шай ішіп бар, қазір қайнап қалар, – деп Қаным апай Оляны енді көргендей, дастарханға шақырды.

Оля өзіне бір нәрсе айтылғанын білді де, түсінбедім дегендей Үсіпке қарады.

Үсіп өзінен-өзі қатты қысылды. Жолда елге келе жатырмын деп хат жазғанымен, Оля жайында ештеңе айтпаған болатын.

ӘКЕ АМАНАТЫ



Жазуға шалдан қорыққан. Қырсық шал «көрсетпе көзіме» десе, алған бетінен қайтпасы өзіне мәлім. Міне, қазір де осыншама жұрттың көңілінде еш күдік жоқ. Бәрі де Қаратөбеге бара жатқан

жоллаушы біреуге жорып отыр.

Оля орнынан қозғала қоймаған соң, Қаным апай оған ымдап дастарханға шақырды.

– Қызымка, сенікі ауыл кде? – деді. Оля тағы да «түсінбедім» дегендей Үсіпке қарады.

Үсіп қинала отырып, өзінің өмірлік жары екенін айтқанда үстінен бір ауыр жүк түскендей болды.

– Әй, аузыңа тұз құйып алғандай үнсіз отырғанша айтпайсың ба маналы бері, – деп үлкендер жағы Үсіпке жабысса, жастар

мен жеңгелер Оляның басына үлкен ақ ормалды айқара жауып, басқа бөлмеге алып кетті.

Тілі, салты, әдет-ғұрпы бөлек осы бір көңілді топтың ортасында неге болса да көндім дегендей, Оля қазақтың жаңа түскен келіншектерінше сызылып кетіп бара жатты.

Бұл 1954 жылы болған еді.

... Үсіп Дияшбаев 1943 жылы соғысқа аттанады да, Брест үшін айқасқа қатынасады. Содан неміс басқыншыларын Берлин қаласына дейін қуып барып, бұлардың бөлімшелері 1947 жылға дейін сол қалада аялдап қалады. Содан 1947 жылы өз бөлімшесімен Пермь қаласына келеді де, Үсіп 1954 жылға дейін осында тұрады. Оляға Федоровна Дрке деген латыш қызымен де осы арада танысып, тұрмыс құруға серт байласады.

Содан бері 18 жыл өтіпті. Оляға Федоровнаға қазақ тілін, салтын, әдет-ғұрпын үйрену алғашқы кезде қиын соққанымен, жаңа ортаға тез-ақ көндігіп кетеді. Бұл күндері оны түрінен болмаса, киіміне, тіліне қарап қазақтан ажырату қиын-ақ.

Қазір Оляға Федоровна балалар бақшасында тәрбиеші болып істейді. Өз коллективіне сыйлы.

Ал Үсекеңе келер болсақ, жас ортасына келіп, самай шашқа ақ араласып қалған егде кісіге айналды, колхозда маңдай алды механизатор. Еңбегі де еленбей қалған емес. Бірнеше медалдары, грамоталары бар. 1971 жылы еселі еңбегі үшін омырауына «Құрмет белгісі» ордені тағылды.

Міне, мұның бәрі де Үсекеңнің адал еңбегінің жемісінің куәсі болса керек.

Ал Үсекең мен Оляға Федоровнаның тұңғышы Сәбитхан әке жолын қуып, механизатор болса, Әріпханы, Нәзіпханы, Райханы мектеп қабырғасында оқып жүр. Олар жыл сайын Омск қаласындағы нағашыларына сағына барып тұрады.

ТӨЛКЕККЕ ТҮСКЕН ТАҒДЫР

Осы ағаның қиын тағдырын жұрт аузынан естисем де, өзінен білуге батпаушы едім. Оған кешегі кеңестік заман тәрбиесі де мүмкіндік бермеді ғой. Ол кезде соғысқа қатысқандар туралы жазғысы келетіндердің жаттанды сұрағы болатын: Қанша неміс өлтірдің? Қандай ордендерің бар? Ал тағдыры төлкекке түсіп, жауға пенде болып кеткендер, яғни тұтқынға түскендер осындай сауал кезінде күмілжіп, жер шұқып қала беретін. Фашистерден көрген азабы аздай, емешегі езіліп, өлім деп елпілдеп келгенде, көтерілген көңілі су сепкендей басып, бұл жақтағылар да маңдайынан сипай қоймапты. «Отанын сақтаң опасыз» деп, жігерін құм етіп, лағнеттің қара қамытын мойнына іліп, итжеккеннен бір-ақ шығарған жоқ па? Сондықтан да болар, Мейірбек аға екі-үш адамның басы қосылған жерде өткен күндерінен үзік-үзік айтып қалғаны болмаса, шешіліп сыр шерте бермейтін. Сол бір азапты күндерін еске алмауға тырысатын.

«Шындықты айтып шыңғыратын кез

келді» дегендей, ауылымыздың қадірлі ақсақалы Мейірбек Ізтаев ағаға жолығып, сол бір кездегі өмірін әңгімелеп беруін өтінгенімде: «Шырағым, бұл аттың жалы, түйенің қомында айтыла салатын әңгіме емес. Үйге келсеңші» деді. Сонымен бір сәтті күні үйіне соқтым. Толай жеңгемнің қою күрең шайын ішіп отырып, Мейірбек аға да түйіні ағытылған жіптей шешіліп сала берді.

– Ол кезде жеті жылдық білімі барлар жерде қалмайтын. Мен де колхозда әрі хатшы, әрі кассир болып жұмыс істеп жүргенмін. Үйде анам, інім, қарындасым бар. Менің табысым айналдырған төрт жанға жеткілікті. Сөйтіп жүргенде 1941 жылы маусым айында әскерге шақырту қағаз алдым, – деп бастады әңгімесін Мекең. – Ауыл бойынша бес адамға шақырту келіпті. Олар: Міркәр Сүйіндіков, Орынбасар Мамадалиев, Дошан Әмірзақов, Шәріп Тоғысбаев және мен. Бәріміз көңілдіміз. Әр үй кезекпен шақырып, ойнап-күліп, 13 маусым күні аудан орталығы – Георгиевкаға келдік. Ертеңіне Леңгір арқылы Шымкентке алып келіп, пойызға отырғызды. Ол кезде қызыл вагон, Батысқа қарай тартып келеміз. Жолда жүргенімізден тұрғанымыз көп. Жолға деп үйдегілер дорба-дорба тамақ салып берген, соны жеп, ойнап-күліп жарты ай дегенде Харьков қаласына келдік. Біздің пойыздың жанына бір әскери эшолон кеп тоқтады. Бір кезде гу-гу әңгіме көбейіп кетті. Сөйтсек соғыс басталған екен. Мына әскери эшолон сол соғысқа кіруге бара жатыр. Онша қорқа қойғанымыз жоқ. «Қазір мыналар барады да, немісінді тас-талқан етеді. Еттең, біз үлгереміз ғой. Кім де, мылтық та алғанымыз жоқ. Алып болғанша мына әскер мен техника, қанша неміс болса да қырып салары сөзсіз» деп ойладық.

Біздің баратын жеріміз – Житомир облысындағы Бердычев деген қала екен. Сол жерде әскери киім, қару-жарақ таратқан соң, Батысқа қарай кеттік. Алғашқы күні 80 шақырым жаяу жүрдік. Қарсы кездескен босқындарда есеп жоқ. Шығысқа қарай жаяу-жалпылап, атпен, арбамен ағылған жұрт. Япырай, бұл айбынды Қызыл армияға не болған? Босқындардың айтуынша немістер таяп кеп қалыпты. Мұндай жүріске үйренбеген солдаттар, кешке сүріне құлады. Көп адам аяқтарын күлдіретіп баса алмайды. Бәрі бірдей шұлғауын орай алмағандықтан ғой. Бірақ, оған қараған ешкім жоқ.

Ертеңіне батысқа қарай тағы да жолға шықтық. Жолдың екі жағы да сыңсып пісіп тұрған бидай. Ортадағы жолда адам лық тола. Батысқа қарай біз беттесек, шығысқа қарай ағылған босқындар.

Күн бесіннен ауғанда батыс жақтан қаптап самолеттер шықты. Алғаш бәріміз аңтарыла қарадық. Біреулер өзіміздікі деді. Онша бой тасалай қоймадық. Керек болса мұндай жағдайда не істеу керек екенін де білмейміз. Бір күн де солдат болып жаттықпасақ, мылтық атып көрмесек, бізден не үміт, не қайыр?! Төбемізге жақындағанда байқасақ, немістердікі. Бомбаларын тастай бастады. Алғаш қызық көрдім бе, түскен бомбаларға қарап қалыппын. Бомбалар жерге түсіп, жарыла бастады. Босқындар мен солдаттар мидай араласып кеттік. Ию-қию біреуді біреу біліп болмайтын аласапыран басталды. Бір кезде «Бидайдың арасына тығылыңдар» деген команда болды, бетбетімізге тарап, егін арасына жасырындық. Самолеттердің санын біле алмадым. Немістердің алғашқы қарқыны ғой, әйтеуір, көп. Қайта айналып соғып бар бомбасын тастап алған соң, жер бауырлай ұшып, пулеметпен атқылай бастады. Әркім өз басын қайда жасырарын білмей аласұрды. Пісіп тұрған егін лапылдап жана бастады. Еңбектеп оттан алыстауға тырыстым. Самолеттер істерін істеп, жүгінен жеңілдеп алған соң батысқа қарай сап түзеп кетіп қалды. Тірі қалғандарымыз орнымыздан тұрдық. Қырылған адамда есеп жоқ. Жұрт есі ауысқандай мең-зең. Бір-біріне қарамай, жақын маңдағы орманға қарай ағылып барады. Жиналғанымыз шамалы-ақ. Қан-



Әбдіраш Дәуітов

шама жан сол жерде қаза тапты. Өзірге дін аманмын. Орманға кіріп есімді жиганда өз ауылдастарымыздан Міркәр гана кездесті. Басқаларының өлі-тірісінен хабарсызбыз. Өлді деуге көзім көрген жоқ, тірі деуге алқаптағы сойқаннан аман қалғандардың барлығы осы орманға кірген. Міркәр екеуіміз «Ойпырмай-ай, мына заман не болып кетті?» деп жылап құшақтаса көрістік.

Орман ішінде бас-аяғымызды санасақ, солдаттардан 21-ақ адам қалыппыз. Бастап келген командирлеріміздің біреуі де жоқ. Жаралылар қалды ма деп көріп келуге бомбаланған жерге баруға ешкімнің де жүрегі дауалмады. Бұрын соғыс түгілі, адам өлімін көрмеген өрімдей жас жігіттердің есі шығып кеткендей. Ойласа келе шығысқа қарай тарттық. Қазақтан үшеуіміз. Бірі – мен, бірі – Міркәр, бірі – Түлкібастың жігіті (атын ұмытыппын). Орман ішімен келеміз. Жоллай бір селоға тап болдық. Шетінде бір ХТЗ тракторы тұр. Міркәр барып айналып көрді де:

– Мініп кетуге жарайды, – деді.

Ауылда тракторист болып жұмыс істеген Міркәр тез от алдырды да, бір арба тауып тіркеп алды. Бәрімізді арбаға отырғызып, Киев бағытына қарай тартып кеттік. Жолда кездескен селолардан трактордың майын, суын Міркәрдің өзі тауып отырды. Ондайға ылдым-жылдым пысық жігіт еді. Киевке кіре берісте бір офицер тоқтатып, жөнімізді сұраған соң:

– Трактормен қалаға кіруге болмайды. Өздерің жаяу, орталық паркке барыңдар. Сол жерге өздеріңдей солдаттарды жиып жатыр, – деді.

Айтқан паркіне барсақ, рас екен. Тамақтандырды. Сол жерде бес тәулік тұрдық. Паркті тегін таңдамаған екен. Ағаштар жиі егілген. Самолет келгенде ағаш арасынан адамдар көзге шалына бермейді. Осы бес тәулікте кеп қосылып жатқан адамдарда сан жоқ. Бәрімізді қатарға тұрғызып қойып, әр солдатпен командирлер жеке-жеке сөйлесті. Солдаттар ішінен орыс тілін жақсы білетін, сауаттыларын бір бөліп алды да, Киевтен жеті шақырым орман ішіне алып барып, кіші командирлер даярлауға кірісті. Мен сол топқа қосылдым да, Міркәр Киевте қалып қойды. Содан кейін тағдыр маған Міркәрді көруге жазбапты. Менімен Жүнісбеков Бәйгөбек, Бөженов Смайыл деген жерлес жігіттер бірге кетті. Оқу бір айға созылды. Немістер ілгерілеген сайын бізді де шегіндіріп, алыстау жерге апарып жаттықтырды. Сөйтіп біз Полтава, Харьков облыстарының жерлерін басып, Воронежге келгенде оқу да бітті. Енді бізді бөлді. Мен 76-шы дивизияға түстім. Рота командирі Қыстаубаев деген қызыл-ордалық жігіт еді. Маған сержант атағы берілген. Бір бөлімше командирі етіп тағайындады. Ұрысқа кірістік. Алма-кезек тартыс, бірде шегініс, бірде шабуылға шығып, соғыс жүріп жатты. Қаншама жолдастардан айырылды. Орнына қаншама адамдар келді.

Есімде бір қалғаны... 1941 жылдың қараша айы еді. Үш бөлімше үш жерден шеп құрып жатқанбыз. Немістер шабуылға шықты. Менің бөлімшемде батальон командирінің орынбасары (атын ұмытыппын) және рота командирі Қыстаубаев бар еді. Басшылықты комбат орынбасары өз қолына алып, бізге шегінуді бұйырды. Кейін кетіп, екінші бөлімшеге, одан кейін үшінші бөлімшеге қосылдық. Дұшпан бұл жерден де қуып шығып, бір селоға келіп жасырындық. Шегініп келе жатып қарасам, бір жертеле тұр екен. Соған кіріп кеттім. Дереву мылтығымды есікке қаратып қойып жата қалдым. Менен өзге ешкім кірмеді. Байқаймын, біздің адамдар шегініп кетіп, немістер өтіп жатыр. Амаж жоқ, үнсіз жатуға тура келді. Немістер өтіп кеткен, атыс дауысы алыстау жерден шығады. Сыртқа шықсам, атып тастары сөзсіз. «Не де болса кешті күтейін. Түнге қарай бір әрекет етермін» деп жатырмын. Түс ауа атыс дауысы жақындап келді де, немістер шегіне бастады. Қарсы шабуылға шыққан біздің әскерлер фашистерді селодан қайта қуып шықты. Мен де жертеледен шығып, өзіміздің шебімізге келсем, мен танитын біреуі де жоқ, бәрі бөтен. Мені штабқа шақыртып алып кетті.

Барған соң бүгінгі шегінгеніміз жайлы сұрап-сұрап, «бара бер» деп босатты. Бөлімшеме қайтып келсем, менің орныма басқа командир тағайындап, маған «қатардағы солдат ретінде, соғысасың» деді. Бұйрықтың аты бұйрық. Көнбеске лаж жоқ. Кейін естісем, батальон командирінің орынбасары мен Қыстаубаевқа әскери сот болып, орынбасарды ату жазасына кесіп, Қыстаубаевқа «айыбыңды қаныңмен алғы шепте жуасың», деген үкім шығарыпты. Жоғарыдан оларға «Әл, бірақ бір адым да шегінбе» деген бұйрық берілген екен. Орынбасардың тағдыры қалай шешілгенін білмеймін. Ал, Қыстаубаев біздің қатарымызға келіп қосылды.

Волчанск деген жерде қарсы шабуылға шықтық. 1942 жылдың 8 қаңтары еді. Соғыс сондай қатты болды. Әйтеуір белгіленген межені алдық. Волчанск қаласы жау қолынан азат етілді, бірақ бұл тым қымбатқа түсті. Бүкіл полктан 13-ақ адам сапта қалыппыз. Полк кешке қарай тылдан келгендермен толықты. Мені штабқа шақыртты. Келсем, менімен бірге аға сержант Каримов деген түркімен жігіті де шақырылған екен. Екеуміз бірге кірдік. Штаб бастығы жағдайды сұрап алды да:

– Бүгін қосымша адам алдық – деді маған қарап. – Бәрі сенің жерлерің – Қазақстаннан. Көбі орыс тілін білмейді. Соларға сен командир боласың.

– Қанша адам?

– Үш жүз.

– Мен мұнша адамға басшылық жасаған емеспін. Алып кете алмаспын, – дедім.

Содан ары-бері ақылдаса келе Каримов – командир, мен – көмекшісі болып оларды ұрыстан алыстау жерге апарып үйретуге келістік. Жерлеріміздің жатқан жеріне келсем, ешқайсына әскери киім берілмеген, оқ-дәрінің иісін иіскемеген, алды қырықтың үстіне шығып қалған, арты жап-жас бозбала. Бәрі де Орал облысының Жымпиты ауданынан екен. Ертеңіне киім үлестіріп, жаттығуға кірісіп кеттік. Қараймын, бәрінде уыс-уыс ақша.

– Оу, бұл ақшаны не істейсіңдер?

– Қайдам, – деді егделуе біреуі. – Ағайын-туыс, жекжаттар бере беріпті. Бір керегі болар деп біз ала беріппіз.

– Бұл жерде ақшаның түкке қажеті жоқ. Сіздер үйлеріңіздің адресін маған жазып беріңіздер. Пошта арқылы кейін салып жіберемін, – дедім. Олар келісіп, ақшаны жинап, адрестерін жазып берді.

Оралдықтарды бір ай дайындықтан өткізіп, бәрін бөлімдерге таратқан соң бөлімшеме оралдым. Арада біраз күн өткенде біреу келіп: «Сені жерлеріңізді іздеп жүр» деді. Іздеп бардым. Барсам, бәрі бір жерде жиналып отыр екен. Ішінен егде тартқан бір кісі:

– «Ақшамызды жиып беріп, қандай қуға тап болдық» деп, күдіктенгенімізді жасырмаймыз. Бәріміз де үйімізден хат алдық, ақша қолдарына тиіпті. Азамат екенсің. Біз саған осы көптің атынан рахметімізді айтып, бата берейік деп шақырып едік, енді бауырым қолыңды жай, – деп бата берді. Қаншама қырғынды көрдім, қаншама азапты бастан өткердім. Туған жерге ораламын деп ойлаған емес едім. Мені сол тозақтан алып шыққан әлгі бата шығар деп те ойлаймын кейде, – деп, Мекен бір сәт үнсіз қалды.

– Батальон бір шағын селода тұрып, көктемге қарай қарсы шабуылға дайындала бастады. Күнде барлаушылар арғы бетке өтіп, тіл алып келеді. Бір күні мені де барлаушыларға қосты. Шағын топпен немістердің тылына өтіп, үш күн дегенде қайттық. Бір басшы, бір карта сызушы, қалғанымыз оларды қорғаушылармыз. Сол үш күн ішінде шағын топтың жартысы келіп, жартысы сол жақта қаза тапты. Қаншама сақ жүрсек те, немістермен бетпе-бет келіп қала бердік. Шегініп, қашып кетеміз. Сол кезде бір-екі адамымыз оққа ұшып қала берді. Келген соң қарасам, бас киімім мен екі жеңім шұрқ тесік. Жолдастарым көріп, жағаларын ұстады:

– Ойпырмай, сенің оқ қағарың бар екен, – деді.

1942 жылдың наурызында қарсы шабуылға шықтық. Ұрыс он екі күнге созылды. Алма-кезек жеңіп, екі жақтан да адам қаны суша ақты. Бір күні батальон солдаттары түнде демалуға

келсек, арамызда Қыстаубаев жоқ. Бір орыс жігіті «Е, ол немістерге өтіп кеткен ғой» деді. «Қанына тартпағанның қары сынсын» демей ме, сол айтқандай, бұл сөзге намысым келді. Сатқын деуге қимадым. Бірақ, айтуға дәрмен жоқ, дәлелім жоқ. Кім біледі, қапалықпен жау жаққа өтіп кетуі де мүмкін-ау. Ертеңіне орман ішінде бір ағаштың түбінен Қыстаубаевты тауып алдық. Сегіз жерінен жараланыпты. Бас пен кеуде сау. Соған қарағанда жарасын таңуға шамасы келмей, қансырап өлген. Сол жерде түнде күдік келтірген орыс жігіті де бар еді.

– Біз кім үшін соғысып жүрміз, орыс жері үшін соғысып жүрміз, – дедім ол жігіттің бетіне қарап. Мұндай сөз үшін ол кезде «Ұлтшыл» деп атып жіберуге де болатын. Бірақ ешқайсысы ештеңе деген жоқ. Бәрі үнсіз. Айтылған сөз айтылған жерде қалды.

Қарсы шабуыл сәтсіз аяқталып, бір батальон солдаттан 19-ақ адам қалып, бізді толықтыру үшін демалысқа тылға шығарды. Біраз уақыт демалып, қатарымызды толықтырған соң Курскіге алып келді. Бұл жерде немістерге тойтарыс беру үшін екі линия болып соғысқа дайындалдық. Мен екінші линияда болдым. Мамыр айында осы жерде немістермен тағы да бетпе-бет келдік. Ұрыстың қатты болғаны соншалық, ұйымдасқан түрде шегінуге де мұрша болмады. Әскер бей-берекет бас сауғалап, бет-бетімен қашты. Бір қарасам, орман ішінде бір өзім ғана қалыппын. Есімді жиып, демімді алған соң тас жолға жақындасам, немістің мотоциклдері мен машиналары қара қоңырау қаптап, Шығысқа қарай ағылып жатыр. Немістердің тылында қалғанымыз білдім де, орман ішімен Шығысқа қарай жүре бердім. Алғашқы үш күнде ешкім кездеспеді. Азғана тамағым таусылды. Үшінші күні бір өзбек жігіті кездесті. Сумкасына толтырып нан салып алған екен. Соның нанынан жеп, серіктесіп, Шығысқа қарай жүре бердік. Бір аптада өзіміз сияқтылар қосылып, ұзын-санымыз жиырмаға жетті. Бір айдай орман ішін кезумен болдық. Ол кезде орманда партизандар барын естіген емеспіз. Селоларға жақындасам, немістер толы, жолай алмаймыз. Ашыға бастадық, қолдағы барды қанша үнемдесек те болмады. Мүлдем бөтен жер, ешкімді танымаймыз. Бір-екі рет селоға кіріп, тамақ алған болдық. Өзі аш отырғандар бізге не бере қойсын? Әйтеуір өлмес тамақ жеген боламыз. Оқ-дәрі де жоқтың қасы. Көбісі оқсыз қаруларын ауырсынып, тастап кеткен. Былайша айтқанда, қайда барсаң да, Қорқыттың көрі... Орманға кірсең – аштан өлесің, сыртқа шықсаң – неміс атады. Орманның сырын білер жергілікті адам болсақ, шөптің тамырын сорсақ та, күн көрер ме едік, бәріміз де мұндай жерде өспеген болып шықтық. Майдан шебіне жетуден күдер үзгенбіз. Оның үстіне немістің өтіп жатқан техникасы жан шошытады. Немістер бар күшін Сталинград майданына төккен сияқты. Тас жолда күндіз-түні ағылған машина.

Басыңды ауыртып не қылайын, шырағым, атам қазақ «Дүниеде үш арсыз бар» деуші еді. «Ұйқы – арсыз, күлкі – арсыз, қу құлқын – арсыз». Сол айтқандай, қу құлқын деген арсыз бізді орманнан тас жолға айдап шықты. Бұл кезде жүруге де шамамыз келмей қалған болатын. Сонадайдан байқаған бір жеңіл машина тоқтап, ішінен үш-төрт офицер шықты. Олар қауіптеніп, дереу қаруларын оңтайлай бастады. Тәуекел, әйтеуір, бір өлім. Атса, атып тастар, ажал жетпесе, оны көрерміз. Қарсы жүре бердік. Олар да қауіп жоғын білді ме, тасадан шығып, ішінен орыс тілін білетін біреуі:

– Қаруларыңды тастаңдар, – деді.

Онсызда әрең келе жатқандар қаруларын тастай салып, тас жолға шықты. Олар бізді бір селоға дейін алып келді де, сол жерден қарулы күзет беріп, Харьковке қарай жаяу айдады. Сөйтіп неміске пенде болып, тұтқынға түстік. Бұл 1942 жылдың маусым айы еді. Осы қарғыс атқан күні бұл тірлігіміз үшін әлі алда талай азапты күндерді бастан өткерерімізді сол сәтте білгенім жоқ.

(Жалғасы келесі санда).

Шабыт пен шеберлік ұштасқан кеш

Төлеби ауданының білім бөліміне қарасты қосымша білім беру мекемелері «Өнерлі өлке» тақырыбында 2025–2026 оқу жылына арналған есеп беру кешін жоғары деңгейде ұйымдастырды. Аталған іс-шара – аудан оқушыларының бір жыл бойғы шығармашылық жетістіктерін саралап, өнерге деген сүйіспеншілігін паш етті.

Есеп беру концертінің бірінші бөлімінде Оқушылар үйі мен Төлеби балалар көркемсурет мектебінің тәрбиеленушілері дайындаған шығармашылық көрме көпшілік назарына ұсынылды. Мұнда жас суретшілердің түрлі жанрдағы туындылары қойылып, оқушылар өз ұстаздарымен бірге шеберлік сыныптарын өткізді.



Кештің екінші бөлімінде аудандық және қалалық саз мектептерінің өнерпаздары сахна төрінде өнер көрсетті. Әсем ән мен күмбірлеген күй, би мен аспаптық орындаулар көрермендерге ерекше әсер сыйлап, жас өнерпаздардың шеберлігін айқындай түсті.

Іс-шараға облыстық қосымша білім беру орталығының директоры Айсұлу Егембердиева, аудандық білім бөлімінің басшысы Шұға Нұрабаева, әдіскер Мейраш Аяшова, сондай-ақ ардагер ұстаздар мен ата-аналар қатысып, жас дарындарға қолдау білдірді.

Есеп беру кеші шығармашылық шабыттың, еселі еңбектің және табиғи таланттың тоғысқан тұсы болды. Қатысушылар көрермендердің ыстық ықыласына бөленіп, зор қошеметке ие болды.

Өнер – ұлттың рухани байлығы. Осындай мазмұнды әрі мәнді іс-шаралар жас ұрпақтың өнерге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпал етеді.

«Төлеби-ақпарат».

Тәжірибе мен ізденіс тоғысқан курс

Сәуірдің 4–17-сі аралығында Сұлтанрабат жалпы білім беретін мектебінің базасында «Өрлеу» БАҰО Түркістан тауына және жасырын мағынасын түсінуге мүмкіндік береді.

Бағдарлама заманауи білім беру облысы бойынша кәсіби даму институтының аға оқытушысы М.Мұсаеваның жетекшілігімен «Әдебиеттік оқу сабақтарында оқу сауаттылығын қалыптастыру» тақырыбында біліктілікті арттыру курсы өткізілді. Аталған курс педагогтер үшін жаңа мүмкіндіктер мен кәсіби дамуға серпін берді.

Бағдарлама бастауыш сынып оқушыларының көркем және ақпараттық мәтіндерді талдау, интерпретациялау дағдыларын дамытуға бағытталған. Курс барысында тыңдаушылар заманауи білім беру трендтерімен, нормативтік-құқықтық негіздермен танысып, ұлттық құндылықтарға негізделген «Адал азамат», «Біртұтас тәрбие» бағыттарын оқыту үдерісіне кіріктіру жолдарын меңгерді. Осы мақсатта практикалық тапсырмалар жүйелі түрде ұйымдастырылып, қатысушылардың кәсіби тәжірибесін жетілдіруге ықпал етті.

Бағдарламаның өзектілігі – білім алушылардың оқу және түсіну дағдыларын қалыптастыру арқылы олардың тұлғалық дамуына негіз қалауында. Бұл өз кезегінде сыни ойлауды дамытуға, сөздік қорды кеңейтуге және ақпаратты талдау қабілеттерін арттыруға мүмкіндік береді. Қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында оқу сауаттылығы – табысты бейімделудің маңызды құралы. Білім алушылардың мәтінді талдау, түсіндіру, жалпылау және бағалау дағдыларын дамыту функционалды сауаттылықты қалыптастыруға және білім сапасын арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу дағдылары оқушылардың ақпаратты дұрыс қабылдауына, оның сапасын сарап-

талаптарына сай өзгерініп, педагогтерді тиімді оқытуға қажетті әдіс-тәсілдер мен құралдармен қамтамасыз етеді.

Курс барысында педагогтер:

– оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған заманауи әдіс-тәсілдерді меңгерді;

– практикалық жұмыстар арқылы өз тәжірибесін толықтырып, кәсіби шеберлігін арттырды;

– оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту жолдарын игерді.

Сонымен қатар, курс осы мектептегі бастауыш сынып апталығымен тұспа-тұс өтіп, әріптестер арасында тәжірибе алмасуға қолайлы жағдай жасалды. Педагогтер апталықтың ашылуына қатысып, оқушылардың өнерін тамашалап, ерекше әсер алды.

Аталған курс білімді жетілдірумен қатар, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, білім сапасын жақсартуға және оқыту үдерісін жаңғыртуға мүмкіндік берді.

Қ.ҚАРАБАЛАЕВА,
Жаңаұйым жалпы білім беретін мектебінің мұғалімі, аудандық облыстық шығармашылық топ мүшесі.

• Бәрекелді!


Жас зияткерлер халықаралық конкурста

Астанада сәуірдің 8-12-сі күндері 9-11 (12) сынып оқушыларына арналған «Ғылым өлемін ашамыз» атты ғарыштық зерттеулер бойынша халықаралық ғылыми конкурс өтті. Халықаралық байқауға Түркия, Қытай елдерінен және Қазақстанның барлық өңірлерінен 200-ге жуық оқушы қатысты.

Зияткерлік сайыс Ғарышкерлер күні мен Ғылым қызметкерлері күніне орай ұйымдастырылды.

Конкурстың мақсаты дарынды оқушыларды анықтау, дамыту және қолдау, жасөспірімдер арасында ғылыми-зерттеу қызметіне қызығушылықты арттыру, ғарыш саласындағы отандық және әлемдік жетістіктерді насихаттау, сондай-ақ халықаралық ғылыми ынтымақтастықты нығайту болды. Бірнеше ғылымды біріктірген зерттеу жобаларының жарысында жеткіншектердің топта жұмыс істеу дағдыларын дамыту да көзделді.

Ғылыми жарысқа қатысқан жасөспірімдер үш бағыт бойынша, атап айтқанда, AEROS Satellite Launch Competition аясында наноспутниктерді жобалап, құрастырып, ұшырды. Ал AEROS Space AI Competition секциясында жасанды интеллект технологияларын қолдана отырып, ғарыштық жобалар әзірледі. «Күн жүйесі» AEROS Rocket Science Competition бағытында су және модельдік зымырандар құрастырып, сынақтан өткізді. Қорытынды кезеңде қатысушылар жобаларын ағылшын тілінде қорғап, сұрақтарға жауап берді.



Осы айтулы додаға Төлеби ауданы мамандандырылған мектеп-интернатының оқушылары да қатысып, халықаралық жарыстың сертификатына ие болды. «A.E.R.D.» тобының құрамында Тұрдыбек Аңсар, Күзербай Әли, Райымбек Дарын, Бимырза Роллан (суретте) ғарыштық жобаларын қорғап шықты. Оқушыларды конкурсқа дайындап, жетекшілік жасаған – мектеп-интернаттың математика пәнінің мұғалімі Нұрлыбек Талғатұлы Әсілбай.

Халықаралық ғылыми конкурстың марапаттау салтанаты 12 сәуір күні өтті. Онда ҚР Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова сөз сөйлеп, барлық қатысушыларға алғысын білдірді.

Жас зерттеушілерді жетістіктерімен құттықтаймыз! Білім мен ғылым жолындағы ізденістеріңіз нәтижелі болсын, биік белестерді бағындырып, еліміздің абыройын асқақтата беріңіздер!

10 сәуір күні облыстық дарынды балаларды анықтау және қолдау орталығының ұйымдастыруымен өткен

«Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының фольклорлық мұрасы. Би-шешендер, жырау-ақындар» бағыты бойынша Әңгірата

Облыстық байқау жүлдегерлері

«Мәшһүр Жүсіп оқулары» байқауының облыстық кезеңінде төлебилік оқушылар жүлделі орындарға ие болды.

«Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының фольклорлық мұрасы. Хандар, батырлар» бағыты бойынша Жаңажол жалпы білім беретін мектебінің 9-сынып оқушысы Қадыр Аяна I орынға ие болды. Жетіспаз шәкірттің жетекшісі Қазбекова Айымжан.

«Бас болып өнер білсең, тіпті жақсы» ғылыми-зерттеу жобасы бағыты бойынша бақ сынаған №10 жалпы білім беретін мектебінің 10-сынып оқушысы Қазбекұлы Мұхитәлі III орыннан көрінді. Жүлдегер оқушының ұстазы Аюбаева Жәмिला.

жалпы білім беретін мектебінің 11-сынып оқушысы Исахан Балнұр III орынды иеленді, жетекшісі Телеметова Қарашаш.

«Білімді, зерек адам болам десең, қара өзінді басқаның айнасымен» эссе жазу бағыты бойынша Қосағаш жалпы білім беретін мектебінің 11-сынып оқушысы Самадилла Еңлік III орынға лайық деп танылды. Оған жетекшілік жасаған ұстазы Исакова Раушан.

Облыста дараланған оқушыларымызды және оларды дайындаған ұстаздарды шын жүректен құттықтаймыз!

«Төлеби-ақпарат».

«Жарқын болашақ» олимпиадасы

«Білім-инновация» халықаралық қоғамдық қорының бастамасымен Түркістан облысы білім басқармасының «Облыстық дарынды балаларды анықтау және қолдау орталығының» ұйымдастыруымен «Жарқын болашақ» республикалық қазақ тілі олимпиадасының облыстық кезеңі өтті.

Он үш жыл қатарынан дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан олимпиаданың негізгі мақсаты – мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту, қазақ халқының мәдени, әдеби және рухани қазыналарын кеңінен насихаттау, оқушылардың шығармашылық, ізденушілік қабілеттерін, мәдени дүниетанымын дамыту.

Бес бағыт бойынша өткізілетін олимпиадаға қазақ тобы және өзге ұлт тобы бойынша жалпы білім беретін мектептердің 7-11-сынып оқушылары қатысты (13-18 жас аралығы).

Төлеби ауданының оқушылары облыстық кезеңде жоғары нәтижелер көрсетіп, аудан абыройын асқақтатты.

«Білгірлер бәйгесі» бағыты бойынша Хажматова Самира (Жыланбұзған жалпы білім беретін мектебінің 9-сынып оқушысы) – I орын. Жетекшісі Елубаева Айгүл.

Әбдіқадыр Гүлназ (Қостөбе шағын жинақты жалпы білім беретін мектебінің 8-сынып оқушысы) – II орын. Жетекшісі Досболаева Гүлзира.

«Жас қаламгер» бағыты бойынша Ергешбай Жаннұр (Б.Түлкиев атындағы жалпы білім беретін мектептің 10-сынып оқушысы) – II орын. Жетекшісі Оразбаева Назым.

«Сөз шеберлері» бағыты бойынша Хажматова Диана (Жыланбұзған жалпы білім беретін мектебінің 11-сынып оқушысы) – II орын. Жетекшісі Айкөзова Гүлнар.

«Әнші бұлбұлдар» бағыты бойынша Юлдашева Далила (№5 мектеп-гимназияның 8-сынып оқушысы) – II орын. Жетекшісі Бейсенова Маржан.

Олимпиадада жалпыкомандалық есепте Төлеби ауданы I орынды иеленді!

Футбол алаңшасы жаңартылды

Ленгір қаласындағы 1-мөлтекауданда орналасқан ашық балалар футбол алаңшасының тозығы жетуіне байланысты жергілікті бюджет есебінен ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Уақыт өте келе алаңша жабындарының бүлінуі, қоршауларының ескіруі және ойынға қолайсыз жағдайлардың туындауы тұрғындар тарапынан жиі көтерілген мәселелердің бірі болған еді. Осыған орай, аталған нысанды қалпына келтіру мақсатында тиісті жұмыстар атқарылды.

Жөндеу барысында алаңшаның жасанды жабындысы толық жаңартылып, қауіпсіздік талаптарына сай қоршаулары ретке келтірілді. Жаңартылған спорт алаңы тұрғындардың игілігіне беріліп, пайдалануға ұсынылды. Бұл нысан әсіресе балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді өткізуіне, салауатты өмір салтын қалыптастыруына және бұқаралық спортты дамытуға үлкен мүмкіндік береді.



Бос жұмыс орындары жәрмеңкесі

Өткен аптада аудандық мансап орталығында бос жұмыс орындары жәрмеңкесі ұйымдастырылып, жұмыс іздеуші азаматтар үшін екі қолға бір күрек табуға мүмкіндік туды. Аталған іс-шараға барлығы 71 азамат қатысты.

Жәрмеңке нәтижесінде 16 адам жұмыспен қамту шараларына тартылып, нақты қолдауға ие болды. Оның ішінде 7 азамат тұрақты жұмысқа орна-

ласса, 1 адам қоғамдық жұмысқа жолданды. Ал 8 адам әлеуметтік жұмысқа тартылып, уақытша еңбек ету арқылы тәжірибе жинауға мүмкіндік алды.

Іс-шараға 11 жұмыс беруші қатысып, жалпы саны 83 бос жұмыс орнын ұсынды. Бұл жұмыс іздеушілер үшін түрлі салада еңбек етуге жол ашты. Сонымен қатар, жәрмеңкені ұйымдастыруға Төлеби аудандық Жастар ресурстық орта-

лығы да белсене атсалысып, жастарға бағыт-бағдар беріп, кәсіби кеңес беру жұмыстарын жүргізді.

Мұндай шаралар жұмыссыз азаматтардың еңбек нарығына бейімделуіне ықпал етіп қана қоймай, жұмыс берушілер мен жұмыс іздеушілер арасындағы тиімді байланысты нығайтады.

«Төлеби-ақпарат».



Біздің мекенжайымыз: 161101, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Ленгір қаласы, Төле би көшесі, 111 "Б" үй.

Меншік иесі: «Төлеби туы КЗ» қоғамдық-саяси газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖШС ДИРЕКТОРЫ –
БАС РЕДАКТОР
РАХМАНҚҰЛОВ
Әбдімәлік
Түймебекұлы
8-701-408-72-32

Бас редактордың орынбасары
Орынбасар Үсіпбайұлы СУТТІБАЕВ
(экономика және руханият)
8-706-413-11-56.
Бөлім меңгерушісі Ақжан Әлиасқарқызы
ИМАНАЛИЕВА
(әлеумет, бұқарамен байланыс)
6-23-23, 8-702-494-81-71
Бас есепші Жанар Қыдырбайқызы ЕРЕЖЕПОВА
8-705-887-51-61.
Дизайнер Нұргүл МАМЫТХАНОВА
8-705-897-01-02 (жарнама)

Газеттің осы нөміріне жауапты кезекші
Ақжан ИМАНАЛИЕВА.
Газет редакцияның компьютер
орталығында теріліп, «АР-принт-1»
ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Баспахананың мекенжайы:
Шымкент қаласы,
Төшенев көшесі, №24 үй.
Газетке жазылу индексі 66744
Таралымы 2383 дана. Тапсырыс №

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Редакция материалдардағы фактілердің дұрыстығына автор жауапты екендігін ескертеді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұны үшін редакция жауап бермейді.

«Төлеби туы» газеті Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2013 жылғы 20 маусымда тіркеліп, №13693-Г куәлігі берілген.